

сөзін
кенжаахметұлы

ҚАЗАКТЫҢ САЛТ ДӘСТҮРЛЕРІ МЕН ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫ

Ата мураң - асыл қазынаң



Сейіт Кенжеахметов

**ҚАЗАҚТЫҢ
САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ МЕН
ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫ**

**Алматы
«Ана тілі»
1994**

ББК 63.5
К 30

К 30 Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары: көпшілік оқырман қауымға арналған. Алматы, «Ана тілі», 1994—80 бет.

ISBN 5-630-00361-5

Жазушы, филология ғылымының кандидаты Сейіт Кенжеахметұлы кейінгі кезде қазақтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүріне байланысты қызғылықты еңбек жазып жүр. Мысалы: «Байғазы» деген не? Ол қалай қолданылады? Оның ұлттық мән-мағынасы, тәрбиелік маңызы қандай? Немесе «Туыстық атаулары» деген тақырыппен берілген «Бажа», «Құдаша», — деп кімді айтамыз? Сол сияқты «Қазақтың оқшау сөздері», «Қазағұрыптары» деген сауалдарға да бұл кітап жауап береді.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

К $\frac{0505000000-008}{415(05)-94}$ 07-94

ISBN 5-630-00361-5

© Кенжеахметұлы С, 1994.

СҮЙІНШІ БІЗДЕН, КӨРІМДІК СІЗДЕН

Арқа даласының қазақы ауылында кіндігім кесіліп, туған халқымның әдет-ғұрыпын қалаудай қалап, дәстүрін жадыма жылудай жинап, асыл тілін аманаттай ардақтап, дінін діліме тұмардай тағып, салтын санама сыбағадай сақтап, және солардың бәрін құрандай қастерлеп өсіп, ержеттім. Дұғалы ауыздың дұғасына тап болдым ба, байыпты бабаның батасына кезіктім бе, әлде халқымның асыл мұрасының киесі ме жазушы, журналист, этнограф, педагог атағына ие болып, он-он бес жинақ шығардым. Соның ішінде осы еңбегім өзіме бір төбе көрінеді. Ұланбайтақ даламның, ұлағатты халқымның барлық салт, дәстүрін түгендеп және дәл анықтама бердім деп айтпаймын. Әзірге оның 150 түрін ұсынып отырмын. Әр жердің әртүрлі болып келетін немесе басқаша айтылатын дәстүр түрлері өте көп. Оны жазып ұсынған азаматтарға мың алғыс.

Мақсатым — ата салтымыздың асыл мұра, алтын қазынасын жалпы көпшілікке, кейінгі жас ұрпаққа базарлық деп ұсынып, оны оқып-үйренуді, өмірге енгізуді аманат деп тапсырсам деген оймен осы еңбегімнің тұсауын кесіп, батамды беріп, ырымын жасап, бәйгеге қосып отырмын.

Кітапша болып шыға қалса сүйіншісі бізден, көрімдігі мен байғазысы сіздерден болсын, халқым.

Автор.

САЛТ, ДӘСТҮР, ӘДЕТ, ҒҰРЫП

АС

Ас (ас беру) (дәстүр). «Асқа, тойға баратұғын, Жаны асығып жас жігіт» (Абай). Қазақ халқының ертеден келе жатқан ең үлкен тойы — ас беру. Бұл — дүниеден өткен ең белгілі адамдардың жылы толғанда оған жасалатын ақырғы зор құрмет және ұлы жиын, бас қосу. Аста жүздеген ордалар, киіз үйлер тігіліп, үш жүзге бірдей сауын айтылады. Бұған әр елден есімі белгілі ақсақалдар, батырлар, ақындар, палуандар, әнші, жыршылар, көкпаршылар, мергендер арнаулы шақырылып, жүйрік аттар келеді. Асқа өте зор қаржы, мал жұмсалған. Жеңімпаздарға зор бәйге тиген. «1860 жылы Ерден Сандыбайұлына «Ерден көлінде» ас берілген... 500 үй тігілген, 160 жылқы, 200 қой сойылған. Аттың бәйгесі 100 жылқы болған... Осы Ерденге осындай қылып үш рет ас берген. Үшеуіндегі шығын барлық жолы 1860 жылқы, 600 қой, ...1000 саба қымыз болған. 1861 жылы Байдәулет Құлбекұлына ас берген. Мұнда бас бәйгеге 100 жылқы, 100 қой, 1 ақ отау, 10 түйе берген... 1874 жылы Лабақ Қуат баласының асы болған. 300 жылқы, 500 қой сойылған. Жүз атқа бәйге болған. Асқа 700 үй тігілген (С. Шәріпов. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том, 295—296-беттер, А-1982 ж). Мұның сыртында шақырылғандар әруаққа деп малын, сойып сабасын және келеді. Аста елдің бірлігі мен байлығы, мырзалығы, біліктілігі сынға түседі. Асты ақын І. Жансүгіров былай деп суреттеген:

*Осындай болып жатты ұлы жиын
Жиынның мыңнан бірін айту қиын.
Еті тау, қымызы көл деуге болар
Айтқанда тартыңқырап астың сыйым.*

Ас беру дәулетті адамдардың, елдің ғана қолынан келген. Абылай ханның асы, Құнанбайдың әкесі Өскенбайдың асы, Қанжығалы Шауыпкел батырдың асы, Қерей Сағынайдың асы, Дулат Сыпатай батырдың асы бүкіл елге мәлім болып, аңызға айналған той болды. Бұл тойда жұмсалған шығынның есебінде шек болмаған. Мысалы Сағынайдың асына кеткен шығын атақты Тәж-Махал мавзолейіне жұмсалған қаржымен бірдей болған.

Ас беру дәстүрі қазір де жалғастырылып жатқанын айта кету керек. 1991 жылғы Торғайдағы Ахмет пен

Міржақыптың асы, 1992 жылғы Қөкшетаудағы Абылайханның, Ақмоладағы Бөгенбайдың, Талдықорғандағы Қабанбайдың астары қазынасы мол халықтық дәстүрлердің тәрбиелік, ұлттық, рухани байлығымыздың қайта оралғанының айқын көрінісі екенін де дәлелдеп берді.

АСАР

Асар (салт). «Ауылға асар жасататынын хабарлайды» («*Білім және еңбек*»). Бір жанұяның қолынан келмейтін жұмыстарды атқару үшін бір ауылдың адамдары «асарға» шақырылады. Мысалы: үй көтергенде, егін садғанда, шөп шабуға тағы сол сияқты көлемді, ауыр жұмыстарға шақырылады. Асарға шақырушылар еңбегі үшін ақша талап етпейді. Оның есесіне асарға шақырушы адам оларға арнаулы мал сойып, қымыз құйып, жақсы ас әзірлеп, тойғызады. Асар — қазақ елінің ұжымдық топта жұмыс істеуінің бір көрінісі деп қарауға болады. Мұндай жақсы дәстүр ел ішінде әлі де бар.

АСАТУ

Асату (дәстүр). «Есет атам ет асатар, Ет асатса бес асатар» (*Жаңылташ*). Ет желініп болғаннан кейін төрде отырған ақсақал табақта қалған етті жас балалар мен жігіттерге асатуға тиіс. Бұрынғы кезде жас балалар «ет асаймыз» — деп, қонақ келген үйдің маңайында жүретін болған. Мұндай халықтық дәстүрді жазушы С. Мұқанов кең насихаттап, қолданып, жалғастырып отырған.

АЙТ

Айт (діни салт). — «Айт құтты болсын!» — «Айтсын, жақсылығы бірге болсын». (*Б. Майлин*). Айт мұсылмандардың діни мерекесі. Ол ораза айты, құрбан айты деп аталады. Ораза айты отыз күн ораза біткеннен кейін болады.

Құрбан айты да мұсылмандардың бас мейрамы. Ол әр жыл зұлхижа (маусым) айының 10 күні басталып үш күнге созылады. Бұл Меккеге қажылыққа бару кезінің аяқталуына сәйкес келеді. (Зұлхижжа — қажылыққа баратын ай).

Құрбан айтында әр мұсылман дін құрметіне, әруақтарға бағыштап (арнап) мал сойып, яғни құрбан шала-

ды. «Бұл да мұсылманшылықтың басты бір парызы. Әрбір пенде өзінің Алла тағалаға рухани да, дүниелік те жақындығын, яғни қалтқысыз адалдығын көрсету үшін белгілі бір уақытта аты аталып шалынатын мал құрбандық малы делінеді («*Мұхтасар*» 147-бет). «Құрбанға жарайтын хайуандар: қой, ешкі, сиыр және түйе. Бұлардан басқа хайуандардан құрбан болмайды («*Ғылымхал*» 97-бет. Ыстанбул — 1991 ж). Қой, ешкі, сияқты ұсақ малдарды бір адам, сиыр, түйені жеті адам бірігіп құрбандыққа шалуына болады. Оларға «Құрбандық қабыл болсын» — дейді. Ауру, ақсақ, соқыр, жаралы, қотыр малды құрбандыққа шалуға болмайды. Құрбандық еті көпшілікке беріледі.

Айт күндері адамдар бір-біріне айтқа құтты болсын айтып, құттықтайды. Ашу — араздық болса татуласады, қателігін кешіреді. Айт күні, ораза кезінде қайтыс болғандар жақсы, иманды адамдар деп саналады.—«Айт күні қайтқаны тілеулері дұрыс екен бишаралардың»... (Б. Майлин).

АЙТТЫҚ

Айттық (дәстүр). «Бір топ ауыл қыдырып «айттық» алып жүр». (Б. Майлин). Айт күні «айттық» — деп сұраған адамдарға берілетін сыйлық. Оны ақшалай да, заттай да беруге болады. Бұл айтты да, дәстүрді де, сұраған адамды да құрметтеудің белгісі болып табылады.

АЙЫП

Айып (заң жолы, салт). «Айыбына атын алып қалып, жаяу қайтарыңдар!» (Ғ. Мүсірепов). Барымта, қылмыс, ұрлығы, дәстүрді бұзғаны т. б. жағымсыз іс-әрекеті үшін қылмыскерге берілетін жаза — айып. Мысалы: көп алдында орынсыз дау, жанжал шығарған адамдарға айып салынады. Жазаланушы адам оны сол сәтте орындауға тиіс. Айыптың түрлері көп. Жеңіл кінәлері үшін тон немесе ат төленеді. Ауыр қылмыс жасағандар тоғыз төлейді. Бұл түйе бастатқан тоғыз мал, немесе ат бастатқан тоғыз мал, немесе өгіз бастатқан тоғыз мал деген сөз. (Түйе бастатқан тоғыз 3 бас түйе, 3 бас сиырдан тұрады. Ат бастатқан тоғыз 3 жылқы, 3 сиыр, 3 қой, т. с.). Әрине бұдан басқа да түрлері бар. Айыптың әлеуметтік, тәрбиелік маңызы зор.

АЙРЫЛЫСАР КӨЖЕ

Айрылысар көже (салт). Көрші қонғанда «ерулік» беріп, қыстай немесе жаздай бірге отырған, сыйласқан отбасылар қоныс аударып бөліне көшкен жағдайда олар енді «айрылысар көжеге» шақырады. «Көже» деп атағаны болмаса, сыйлы, сыбағалы табақ тартылады. Олар бір-біріне ризашылығын білдіріп, «ұрыспай айрылған ұялмай қосылар» деп тағы да аман-сау қосылуға тілек білдіреді. «Айрылысар көжені» әдетте көшетін отбасы береді.

АЙДАР

Айдар (ғұрып). «Тұлымдысын тұл қылды, Айдарлысын құл қылды» («Қобыланды»). Балалардың төбе шашын ұзартып өсіріп, моншақ араластыра өріп қояды. Мұны — «айдар» дейді. Бұрын ел бұл ғұрыпты көп қолданған. Мысалы Кенесарының інісі атақты Наурызбай батырдың айдары болған. Балаға Айдар деп те ат қойылады, ол осыдан шыққан. Бұл ғұрып ер балаға жасалады. Сәбилерге шаш орнына кекіл, тұлым да қойылады.

АҚСАРБАС

«**Ақсарбас**» (діни ырым). «Әруақтарым, қолдай гөр! Ақсарбас! — деп баланы, шақырып, айғайлай бастайды» (М. Әуезов). Адамның қауіп-қатерге ұшырағанда, жаны қысылғанда алла атымен айтқан құдайысы. Мұндай жағдайға ұшыраған адам «Ақсарбас» деп үш рет айтуы керек. Аман қалған кісі осыдан кейін ел-жұртты шақырып, құдайы береді. Ақсарбастың үш түрі бар. Олар бозқасқа, көкқасқа және қызылқасқа. Бозқасқа десе — қой, көкқасқа десе — жылқы, қызылқасқа десе-сиыр құдайы береді.

АҚ ҚҰЙЫП ШЫҒАРУ

Ақ құйып шығару (ырым). «Үйге кірген жыланға да ақ құйып шығарады» (мәтел). Қазақ халқы сүтті, қымызды, шұбатты, айранды тағы басқа сүт тағамдарын «ақ» деп атайды да оны қасиетті, киелі — деп ұғады. Ақты жерге төкпейді, аяққа баспайды. Алайда, кейде, ол ақты жерге төгетін де ырымдары бар. Мысалы, қалың өрт келгенде алдына ақ шашады. Сол сияқты жы-

лан кіріп кеткенде де оның басына ақ (сүт не айран) күйіп, үйден шығарып барып өлтіреді. Мұндай әдет халықтың өз аулына немесе үйіне келген дос, дұшпанына да алдымен құрметпен қарауынан шыққан болуы керек.

АЛТЫБАҚАН

«Алтыбақан» (дәстүр, ойын).—«Бәрежелде, мына қызықты қара! Мынау ауыл алтыбақан теуіп жатыр» (М. Әуезов). Алтыбақан — ұлттық ойын болғанымен оның салт-дәстүрлік маңызы одан гөрі жоғары тұр. Кешкілік ауылдың қыз-жігіттері аулақтау жерге алтыбақан құрып ойын-сауық жасайды. Бұл жастардың өнерін, ойын, көзқарасын, танымын қалыптастыруда зор тәрбиелік қызмет атқарады. Әншейінде «қызға қырық үйден тиым» дейтін қазақтың қыздарын алтыбақанға жібермеуге хақы жоқ. Алтыбақанда жастар ән салып, түрлі ойын ұйымдастырып, түн ортасына дейін сауық жасайды.

АМАНАТ

Аманат (дәстүр). «Кісінің аманатынан уақытында құтыл. Еңбегіңе (ақыңа) қиянат жасаған адамға сен қиянат жасама» (Мұхамбет пайғамбардың хадистерінен). Бір адамның екінші біреуге сақтауға берген бағалы заттары. «Аманат» — түбірі аман деген сөзден шыққан болуы керек. Аманатты сақтау және оны мезгілінде тапсыру зор адамгершілікке жатады. «Аманат — аман сақтайды» — дейді халық. Аманатқа қиянат жасамайды. Ол өте ауыр күнә деп есептеледі.

Аманаттың бұрын ел аралық қатынаста да үлкен мән-маңызы болған. Көбінесе, ол бірлік, татулық, бітім жолына қызмет еткен. Тарихымызда «ақ үй аманат алып барған екен» деген деректер жиі кездеседі. Ерте кезде жауласушы екі ел татуласқан кезде аманатқа адам да қалдырып кететін болған.

АНТ

Ант (ғұрып). «Антпенен тарқайды, Жийлса кенеске» (Абай). Ант, серт, уәде — халқымыздағы сенім кепілінің көрінісі. Ант жаудан өш алу, ел аралық уәде, келісім, адалдықтан айнымау сияқты маңызы жоғары жағдайларда ғана айтылады. «Уа, айтылған ант, серттес-

кен уәде, алысқан қол қайда?!»— деген жерде еш адам анттан аттап кете алмаған. Ел ішінде ант бұзған адамды — «ант атқан» деп жек көреді. Ант — адалдың сөзі. Бірақ «адал болсаң да ант ішпе»— дейді қазақ.

АРАША

Араша (дәстүр).—«Уа, жетті, жетті ғой, Құнанбай! Араша, араша!— деп айғайлап жатты» (М. Әуезов). Екі адам жанжалдасқанда, немесе төбелескенде оның жанындағы адамдар «араша, араша!» деп басу айтуға тиіс. «Араша» деген сөзді естіген адамдар араша беруге яғни жанжалды дереу доғару керек:

АРЫЗДАСУ

Арыздасу (салт). «Арыздасып кетпедің, Шақырып алып халқынды» (Әйекенің жоқтауы). «Мақұлдасып, қолдасып, Ахиреттік жолдасы» (Ә. Оспанұлы). «Арыздасу» немесе «мақұлдасу» өмірден өтіп бара жатқан (өлім алдындағы) адамның кейінгі туыс-туғандарымен, балаларымен соңғы рет тілдесіп, кешірісіп, ел-жұртымен қоштасуы, ақырғы сөзі.

АТ ТЕРГЕУ

Ат тергеу (ғұрып).—«Тентегім», сен теріс айтып жатырсың! (М. Әуезов). Халық дәстүрінде адамға құрмет көрсетудің жолдары көп. Соның бірі — ат тергеу. Ұлт дәстүрі бойынша әйелдер атасының, қайнаға, қайынсіңілісінің қайнынісінің атын атамай, өзіне лайықты ат қойып: «мырза қайнаға», «бай атам», «би аға», «жалқы бала», «тентегім», «еркем», әйел болса; «шебер шешей», «ақ әже», «сырғалым», «шашбаулым», «күлімкөзім»— деп атайды. Жеңгелер жағы небір күлкілі аттар да қоя береді. Мысалы: тапалды, «сұңғақтым», жайбасарды «жүйрік» дейді. Мұның бәрі шын мәніндегі сыйластық пен құрметтің ерекше белгісі болып табылады. Ер адамдар да ақсақалдар мен өзінен үлкендерді «ата», «әке», Ереке, Аха, Жәке, Сәке деп құрметтеген. Ат тергеу — біздің халқымыздың адам сыйлау жөніндегі ізеттілік, көргенділік, кішіпейілділік қасиеттерінің биік көрінісі. Өзінен үлкен адамның атын тура атау анайылық болып табылады.

Халық аузында мынадай қызықты әңгіме бар: Бір келіншек «сарқыраманың ар жағында, сылдыраманың

бер жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр! Білемені жанымаға жанып-жанып тез келіңдер!— депті. Сөйтсе ол Өзенбай, Қамысбай, Қойлыбай, Қасқырбай, Қайрақбай, Пышакбай деген қайны, қайнығағаларының атын атамай тұр екен!

Жолаушылар су әкеле жатқан әйелден «бұл кімнің ауылы»— деп жөн сұрапты. Сонда келіншек «өзінде ғана бардай, өзгеде жоқтай атамның ауылы»— депті. Сөйтсе бұл Көтібар ауылы екен.

«Ат тергеу» басқа жағдайларда да қолданылады. Мысалы халық қасқырды «ит-құс» деп, қорасан сияқты ауруларды «әулие» деп атайды. Ол осындай пәле-жала бізден аулақ болсын деген ырым, жоралғы.

АУЫЗБАСТЫРЫҚ

Ауызбастырық (ғұрып). «Кер атты беріп тұрып: – Айта көрме, ауызбастырығымыз болсын,— деп аттандырды». («Ел аузынан» атты жинақтан). Біреуді сөзбен жығып, ұтып оны орнынан тұрмастай етіп өлең шығарғанда, немесе өткір әзіл тастағанда (немесе ұятты іс істегенде) ұтылған адам өзінше әлгі сөзді басқа адамға таратпау үшін «ауызбастырық» береді. Ол бұл сөзді ешкімге айтпаңыз деген жалынуы, кешірім сұрауы болып табылады. «Ауызбастырық» алған адам әлгі сөзді ешкімге айтпауы керек. Сонда «ауызбастырық» да серттің бір түрі болып табылады.

АУЫЗ ТИЮ

Ауыз тию (ғұрып).—«Қымыз әкел, ас ауыз тигіз мыналарға!» (М. Әуезов). Алыс сапарға, емделуге шыққан адам ауылдың үлкен үйінен дәм татып аттанатын ырым бар. Бұл сол «Қара шаңырақтың» киесі қолдасын деген сенімнен шыққан. Сондай-ақ дастархан үстіне келген адам дәмнен ауыз тиюге тиіс. Ал таңертеңгі астан міндетті түрде ауыз тиеді. Мұндайда әйел болса «күйеуің тастап кетеді», еркек болса «әйелің тастап кетеді»— деп әзіл айтады.

Қазақтың дәстүрі бойынша үйіне келген адамға дәм ауыз тигізбей шығармауы керек. Халықта «үйге кірген жыланға да ақ құйып шығарады» деген сөз бар. Мұның бәрі қонаққа да, асқа да ерекше ықыласты көзқарастың белгісі, халықтың өзіне тән қонақжайлылығы мен кеңпейілділігін танытатын жайт.

АЯҒЫНА ЖЫҒЫЛУ

Аяғына жығылу (ғұрып).—«Аяғына жығыл деймісің?» (М. Әуезов). Кешірім сұраудың ең үлкен және кішіреюдің ең ауыр түрі аяғына жығылу болып табылады. Мұнда айыпты адам жанына беделді адамдарды ертіп, тиісті адамның үйіне барып кешірім сұрайды. Егер іс қиындап кетсе айыпкер қарсы адамның алдына жығылып, аяғын құшып, жылап кешірім сұрауы керек. «Алдыңа келсе атаңның құнын кеш» дегендей мұндайда, кешірім етіледі. «Аяғына жығылу» да жазамен бірдей болып есептеледі.

ӘМЕҢГЕРЛІК

Әмеңгерлік (салт). «...Жібектің әмеңгерлікке көнбегені үлкен ерлік» (Ғ. Мүсірепов).

Халқымыздың бұрынғы салты бойынша күйеуі қайтыс болғанда оның жесірі «ерден кетсе де елден кетпек жоқ», «аға өлсе іні мұра» деген қағидамен әмеңгерлік жолмен күйеуінің аға не інісінің біреуіне өзінің тандауы бойынша тұрмысқа шығады. Бұл дін жолымен де негізделген. Күйеуі өлген жесірді басқа жаққа жібермеудің бірнеше әлеуметтік маңызы бар. Біріншіден, әйел де, оның балалары да туыс-туғанынан бөлінбейді, ру, ел қауымдастығында бірге тәрбие алады. Екіншіден, жесірдің кетуі сол елге үлкен мін саналған.

БАЗАРЛЫҚ

Базарлық (дәстүр). Алыс сапарға, саяхатқа, сауда жолына шыққан адамдар жерлестеріне, көрші-көлемдеріне, сыйлас адамдарына, жас балаларға ірілі-ұсақты сыйлықтар әкеледі. Оны «базарлық» деп атайды. Бұл жақсы көрудің, сыйластықтың белгісі және ескерткіш ретінде қабылданады.

БАЙҒАЗЫ

Байғазы (дәстүр). —«Уа, сатира сарбазы, Адырнаң байғазы!» (С. Әбілқәкімов). Байғазы — балалардың, жастардың жаңа киімі үшін (мысалы қамшы, шана, ер-тоқым) берілетін ақшалай, заттай сый. Байғазы сұраудың еш артықтығы жоқ.

БАЙЛАУ

Байлау (салт). «Бері кел, байлан мынаны!» (Ғ. Мүрепов). Соғып алған аңды, олжаны, тауып алған затты әр адам жанындағы кісілерге сыйға тарту керек. Мұны қазақтар «байлау» деп айтады. Ол мәрттіктің белгісі. Бұл дәстүрді бұзған адам тәртіпті бұзған адаммен бірдей саналған. Торғайда Жолдас атты тапқыр, шешен адам қалам тауып алыпты. Жанындағы адам «байлаңыз» дегенде Жөкең «байламаса да тұрады» депті. «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деген сонда серігі.

БАУЫРЫНА САЛУ

Бауырына салу (ғұрып). Баласы жоқ адамдар біреудің баласын асырап алуы яғни «бауырына салуы» ежелден бар қағида. Мұның да жөн-жоралары бар. Мысалы, жаңа туған баланы асырушы анасы шаранасымен етегіне салып алады. Қазақтың ежелгі заңы бойынша асыраушы адам жаңа туған балаға атын қойып, оң қолына асық жілік ұстатады. Асық жілік ұстаған бала сол үйдің баласы деп есептеледі. Кейде баланың өз әке-шешесі балаға таласқан жағдайда асыраушы адам «оң қолына асық жілік ұстатып едім ғой» деп дауласады. Бұл үлкен дәлел, куәлік есбінде жүреді. Алайда, бала қайтыс болған жағдайда оның туған әке-шешесінің аты айтылып, жаназасы шығарылады. Кейде ата, әже өзінің бірінші немересін «бауырына салып» алады. Бірақ ол асырап алғанға жатпайды.

БАТА

Бата (бата беру, бата алу). «Батаменен ер көгерер, жауынменен жер көгерер» (мақал). Бата халықтың рухани қуат алатын құдыретті сенім күші. Ол ел сенімін ақтайтын абзал азаматтарға, талапты жастарға, көптің жүгін көтерген адамдарға немесе үлкендер жақсы ісіне риза болған жағдайларда берілетін ұлы адамдар мен ел ақсақалдарының ақ тілегі, әрі өмірлік жолдамасы. Мұның бірнеше түрлері бар.

1. «Сырым батыр жас кезінде батасын алайын... деп Бөкен биге барыпты». Бұл ерлік, өнер, өмір жолына, ұзақ сапарға аттанар алдында әдейі барып тілейтін бата. Қошқарұлы Жәнібек жас кезінде Қаракерей Соқыр Абыздан бата сұрай барғанда ол кісі былай депті:

*Бедеуің белдеуіңдегі байлаулы болсын,
Қазаның ошақтағы қайнаулы болсын.
Есігің ашық болсын,
Қабағың жазық болсын.
Сонда ағайының кетпес қасыңнан
Жақыныңа бұрмай төрелікті түзу бер,
Сонда қаумалаған халқың кетпес қасыңнан.*

Мұндай баталар талапты, халық сүйген, ер-азаматтарға ғана берілген.

2. «Дастарханың мол болсын, Абыройың зор болсын» («Ақ бата»). Батаның екінші түрі дастарханға ризашылықпен беріледі. Дұрыс мүшелі қонақасы берілмесе шешен, өткір тілді адамдар бата арасына сол үйдің сараңдығын да қосып айтып жіберетіндер болған.

3. «Бақ берсін, бас берсін, Өміріңе ұзақ жас берсін» (Ақ бата). Үлкен кісілер немесе кез келген адам біреудің қайырымдылығы мен жақсылығы, ізгі қызметі үшін де бата береді. Батаның тәрбиелік мәні зор. «Батаменен ер көгерер, жауынменен жер көгерер» — деген сөз адамды ізгілікке, парасаттылыққа, мейірімділікке баулиды. Ендеше бата да сол ұлы қасиеттерге бастаушы әрі тудырушы рухани мұра болып табылады. Бата көркем сөзбен, өлеңмен, тақпақпен, шешендік тілмен, әсермен қол жайып айтылады. Батаны құрметті, елге өте сыйлы адамдар береді.

4. Теріс бата. Бұл «бата» деп аталғаны болмаса қарғыстың қатты, жазаның өте ауыр түрі. «Құнанбай қос қолын созып, алақанын сырт қаратып тұр... Бұл теріс батаның, қарғыс батаның белгісі». (М. Әуезов). Мұндай бата сенімді ақтамаған, өзіне қолы, тілі тиген баласына әкенің қолын теріс жайып берген қарғыс батасы. Батаның бұл түрі ел ішінде өте сирек қолданылған және ол атадан балаға ұмытылмайтын таңба болып қалған. Атаның теріс батасын алғандарды халық та жек көрген.

БАСТАҢҒЫ

Бастаңғы (салт). «...Жастар «бастаңғы» деп аталатын тамақ істеп бас қосады. (К. Сегізбаев) Үйдің үлкендері жол жүріп кеткенде ауыл жастары сол үйге жиналып, жолаушылардың жолда басы ауырмасын «бастаңғы жаса» дейді. Бастаңғының мәнісі — жастардың сол үйде ойын-сауық жасап бас қосуы. Дәстүр бойынша бұған тным салуға болмайды. Бастаңғыны жастар жасайды.

БАРЫМТА

Барымта (ғұрып). «Барымта — ел шулатып, жылқы қуған» (*І. Жансүгіров*). Ертеде дау-жанжалда есесі кеткен ел өз қарсыластарының малын (жылқысын) қуш, қару жұмсап айдап, қуып әкететін болған. Мұны «барымта» дейді. Кейде мынадай жағдай да болады. Егер қарсы жақ құнға немесе айыпқа мал төлейтін болып оны мерзімінде төлемейтін болса, онда даугерлер ол елдің малын барымталап алады. Барымта кейде кек қайтару, өш алу мақсатымен де жасалады. Мысалы М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында Базаралының Тәкежан жылқысын барымталап алуы кең суреттелген. Бұл жағдай өткен ғасырларда қазақ даласында жиі кездесіп тұрған.

БӘЙГЕ

Бәйге (дәстүр). «Тігіпті бас бәйгеге елу бие, Он отау, бір бас тоғыз, тоғыз түйе, Жабулы қара нарға қалы кілем, Аты озған болады бір олжаға ие» (*Н. Ахметбеков*). Ұлы тойда, аста, мерекеді жыққан палуанға, озған жүйрікке, жеңген ақынға берілетін жүлде. Тойдың, астың дәрежесін, қызығын осы бәйгеге қарап анықтауға болады. Бәйгенің ең үлкені әдетте бас палуан мен жүйрік атқа тағайындалады. Әсіресе ат бәйгесіне мол мал, дүние мүлік тігіледі. Бәйге алдында озып келген 10, 15, 20 атқа да беріледі. Мысалы Лабақ Қуат баласының асында бас бәйгеге 100 жылқы, 1 отау, 9 нар, 9 ат, 9 құндыз тігілген (*С. Шәріпов*). Келесі атқа 75, одан кейін 50, одан кейінгіге 25, осылай төмендей береді. Аты озып бәйге алғандар оның бәрін еліне айдап кетпейді. Бұл жомарттық, мәрттік, ерлік, ғұрып. Оның біраз бөлігін әруаққа, ақсақалдарға атап, қалғанын жанындағы жолдастарына бөліп береді. «Атығай, Қарауылға олжа салған, Бота тірсек, қыл сағақ сандал керім» дегенде Ақан осыны айтқан. Палуан бәйгесі де үлкен. Оған кілем жабылған түйе берілген, ақындарға шапан кигізіп, ат мінгізген.

Бәйге — жеңімпаздарға берілетін жүлде болғанмен кейде ат жарысының өзін де «бәйге» — деп айта береді. Бәйге қазақ халқының рухани, мәдени дәрежесін көтеретін және көрсететін үлкен дәстүр.

БЕСІККЕ САЛУ

Бесікке салу (дәстүр, ғұрып). «Әлди-әлди ақ бөпем, Ақ бесікке жат бөпем» (*Бесік жыры*). Бесік-қасиетті, киелі, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі. Жаңа туған баланы бесікке салу да халқымыз үшін елеулі дәстүрдің бірі. Бесікке салу жолы үлкен, немесе елдің тәрбиелі, өнегелі әжелерге, әйелдерге тапсырылады. Ол бесікті отпен аластап, «тыштырма» жасап алып, баланы бесікке бөлейді: Бесік үстіне жеті түрлі қадірлі, таза заттар қойылады. Бесікке салған адамға «бесікке салар» яғни, кәделі сый беріледі. Осындай қуаныш үстінде «Бесік жыры» айтылады:

*Айыр қалпақ киісіп,
Ақырып жауға тиісіп
Батыр болар ма екенсің?
Бармақтарың майысып,
Түрлі ою ойысып
Шебер болар ма екенсің?
Таңдайларың тақылдап,
Сөзіңді жұрт мақұлдап,
Шешем болар ма екенсің?..*

БОСАҒА МАЙЛАУ

Босаға майлау (ғұрып).— Жастар жеке отау құрғанда немесе біреу жаңа үй алғанда жақын-жуықтары келіп, жаңа үйдің босағасына май жағады. Бұл осы үй берекелі, майдай жұғымды, көптің үйі болсын деген ұғымды білдіреді. Босаға майлаған адамға кәде берілуі керек.

БЕТАШАР

Беташар (дәстүр) —«Уа, әлеумет! Енді беташар тыңдайық!». (*«Той кітабынан»*). Жаңа түскен келінді «беташар» дәстүрі жасалмай ешкім көре алмайды. Оны көру үшін әдейі «беташар» жасалады. Оған тойға жиналған туыс-туғандар тегіс қатынасады. Мұнда «Беташар» жыры айтыла отырып, келінге оның атасы, енесі, оның басқа туыстары таныстырылып, келін оларға сәлем жасайды. Сәлем жасаған адамдар «көрімдік» береді. Бет ашатын жігіт ән-жырды желдірте, көңілді көтере жыр төгуі керек.

*«Келін келді, көріңіз,
Көрімдігін беріңіз.*

*Анау, мынау демеңіз
Түсім айтып қойыңыз».—*

деп бастаған әнші жігіт жас келіннің аталған жақындарына лайық әзіл-қалжындарын араластыра «көрімдік» сұрап жұртты көңілді күлкіге қарық қылады. «Беташар» тойдың басы, әрі сәні, жас келіннің жаңа өмірге бет алғанын білдіретін қызықты, салтанатты жақсы дәстүрлердің бірі.

ДАУЫС ҚЫЛУ

Дауыс қылу (әдет, ғұрып). «Әйел жылап Бөжейге барыл:— Ақ маралды құдай алды, Ақбас атанды Майбасар алды»,— деп дауыс қалыпты (*Ә. Кәкітайұлы*).

Қатты күйзелген, өмірден соққы көрген, адамдарынан қапыда ерте айрылған, мұңды шерлі адамдар кейде қамығып отырып өзінің зар-наласын сыртқа шығарып тәңірге, әруаққа, елге шағынып жылайды, зарлайды. Мұны «дауыс қылу» дейді. Дауыс қылу өлеңмен айтылады және ол әйелдерге тән әдет. Дауысты естіген адамдар, үлкендер мен әйелдер оған келіп басу, тоқтам айтады, балалары, туған-туыстары барын айтып, ертеңгі күнге сендіреді. Кейде мұндай адамдар көзіне жас алып, қосыла жылайтын күндері де болады. Дауыс қылу әсіресе кешегі 1928 жылғы тәркілеу, колхоздастыру, 1937 жылғы қудалау, 1941—1945 жылғы соғыстан кейінгі жылдары ел ішінде өте көп болған.

Дауыс қылу мен жоқтауды шатыстыруға болмайды. Рас екеуі де қаралы, қапалы жағдайда айтылса да екеуі екі басқа. Жоқтау өлген адамға ғана арналып айтылады, ал дауыс қылу көңіл-күйін білдіретін жыр.

ДАУ

Дау (дәстүр). «Дау бірнеше күнге созылып, екі жақта келісе алмайды» (*Ел аузынан*). Дау халықтың әділдікке жүгіну, билік, заң шешім жолдарының шешуші келісі және әлеуметтік маңызы бар шараларының бірі. Қазақтың үлкен дау-жанжалы көбінесе құн, жер дауы мен жесір дауына байланысты. Даугерлер биге жүгінеді. Ересек адамдар қатысқан жиын болады. Мұнда екі жақтан да шешен даугерлер шығып, қамшы тастап өздерінің дәлелдерін ұтымды сөзбен жеткізіп отырған. Дауда шешендік, тапқырлық, қарсы жақтың осал жақтарын дәл басатын біліктілік керек. Дауға төбе би төрелік айтады, яғни үлкен билік, үкім шығарып, бітім

жасайды, Би, ақсақалдар шешімі заң және ол талқылауға жатпайды. Бұған даугерлер де тоқтайды.

ДЕҢГЕНЕ

Деңгене (дәстүр). Соңғы жылдарда ұмытылып бара жатқан дәстүрдің бірі — осы деңгене. Екі немесе үш жігіт басын қосып ауқатты үйге «деңгене» жеуге келдік» — дейді. Оның шарты мынадай: Үй иесі бір семіз қойды сояды да әлгі екі не үш жігіттің алдына қояды. Олар бір қойдың етін сорпасымен ішіп, жеп кетуі керек. Егер олар қойды жеп кетсе, қойдың құны сұраусыз, егер етті тауыса алмаса, олар үй иесінің қойын төлеуге тиіс. Кей жерлерде мұны «сірне» деп те атайды. Тағы бір қызығы ел арасында бұрын бір қойды бір өзі жеп кететін мешкейлер көп болған. ХХ-ғасырдың басында Арғын ішінде Тінет руында Шінтен деген атақты мешкей болыпты.

ДҮРЕ САЛУ

Дүре салу (салт, әдет). — «Сал дүрені! Артын түріп қойып соқ! — деп Құнанбай қалшылдап кеп, төніп тұр». (М. Әуезов). Жазаның ауыр түрі, әрі масқаралау түрі — дүре салу. Көбінесе жазалының құйрығын жалаңаштап қойып жазасына қарай 25, 50, 75, 100 қамшы дүре соғылады, яғни ұрады. Дүре үстінде өліп кеткендерге құн төленбейді. Мұндай ауыр жаза ұрыларға, опасыздарға, ауыр қылмыскерлерге, қолға түскен барымташыларға, өшті-қасты адамдарға беріледі, кек алу жолында да қолданылады. Дүре көп алдында соғылады және оның әлеуметтік, тәрбиелік, заң жолында да атқаратын қызметтері бар. Мысалы, мұндай жазаны көрген адамдар қылмысқа көп бара бермейді.

ЕНШІ

Енші (салт). «Оған бай қалың беріп, қатын әперді де, кейін енші беріп бөлек шығарды» (С. Мұқанов). Балалары ержетіп, жеке үй болғанда ата-анасы оған отау тігіп, дүние-мүлік мал береді. Мұны «енші» деп атайды. Қыздарға берілетін дүние-мүлік «жасау» деп аталады.

ЕН, ТАҢБА

Ен, таңба, (ғұрып). «Алаш, алаш болғанда, Алаша хан болғанда, Таңбасыз тай, еңсіз қой болғанда» (Ауыз әдебиетінен).

Қазақ дәстүрінде жақын-жуық адамдарының баласына құлып, тай, бота, қошақан т. б. мал төлін атап, оның құлағына ен салдыратын ғұрып бар. Бұл үлкендер үшін сыйласудың, құрметтеудің белгісі болса, бала үшін үлкен қуаныш. Баланың көңілі өсіп, малға, еңбекке деген ынтасы, туған-туысқа деген жақындық ықыласы артады. Әр ауылдың, үйдің малға салатын өзіндік таңбалары болған. Мысалы, тілік, ойық, қиық, кесік, сырға, ойма ен, кез ен тағы басқа.

Ен таңбасының шығу тарихы тым әріде жатыр. Ол атақты ғалым М. Қашғаридің «Диуан лұғат ат-түрік» («Түркі тілдерінің сөздігі») атты шығармасында да айтылған. Таңба сонымен бірге қазақ руларының өзіндік таным белгілерін де анықтайды. Мысалы: Арғынның таңбасы — көз, Қыпшақтыкі — әліп, Керейдікі — ашамай, Ошақтынікі — тұмар, Дулаттікі — дөңгелек, Бағаналынікі-бақан, тағы сол сияқты. Таңба мен ен сол кездің «мөрі» десе де болады.

ЕРУЛІК

Ерулік (салт). «...екі ауыл бір-біріне ерулік беріп, шақырысып, араға аяқ-табақ қатысып қалды» (Ә. Нұрпейісов). Ауыл ортасына жаңа үй көшіп келсе, қоныстанса сол ауылдың бұрынғы адамдары жаңа үйге «ерулік» деп ас пісіріп табақ тартады. Бұл жаңа адамдарды бөтенсіретпей өз ортасына тартудың, сыйласудың үлкен белгісі.

ЖАЗА

Жаза (ғұрып).— Тиісті жазасын ол алады ғой, Жүргенді кім аяйды ұрлық қылып (С. Есенбаев). Ұрлығы, тентектігі, кінә, күнәлары үшін қолданылатын шаралардың бірі — жаза. Билер кеңесінің шешімі бойынша жазаға ұшыраған адамға жұрт көзінше дүре соғылады, қара есекке теріс мінгізіліп ел аралатады. Арақ ішіп өлген де жазаланады, яғни сүйегі басқа моладан жүз қадам жерге бөлек қойылады, оған намаз шығарылмайды. Егер жазаны алған әйел болса, бетіне күйе жағылады, («қарабет болады» деген осыдан шыққан) шашы кесіледі немесе ері талақ етеді.

ЖАСАУ

Жасау (салт).—«Көрсін деп жиылған жұрт тамашасын, жасауын таудай қылып үйгізді енді!» (Наурыз-

бай-Қанышайым). Ұзатылған қызға берілетін дүние мүлік «жасау» деп аталады. Халық қыздың жасауына аса зор көңіл бөліп, «жасауды алты жастан жинасаң асады, жеті жастан жинасаң жетеді» деген. Небір жақсы бұйым, кілем, текемет, сәукеле, ыдыс-аяқ, төсек-орын, киім-кешек, әсем әшекейлі тағымдар қыздарға берілетін болған. Ауқатты адамдар ақ отау тігіп ұзатқан. Жасауды қыздың еншісі десе де болады.

ЖАН БЕРУ

Жан беру (ғұрып). «Келе жатыр дегенге, Жан берсең де нанбаймын» (*«Ер Сайын»*). Қай жерлерде мұны «кепілге шығу» деп те атайды. Ауыр жазаға не өлім жазасына кесілген адамның ақтығын дәлелдеу үшін бір адам «жан беруге» шығады. Ол адам би, молдалар алдында кебін, яғни ақ киініп, мола басына барып (кейде мола ішіне түсіп) немесе өлікке құрған шымылдыққа кіріп, жазаға тартылған адамның ақтығына «жанымды беремін» деп ант береді. «Жан беру» деген осы. Халық ұғымы бойынша жан беруші адам өтірік куәлік берсе, ол сол жерде өліп кетеді деп түсінген. «Жан беруден» кейін істің ақтығына күмән қалмайды. Одан әрі өкім жүрмейді» (*А. Байтұрсынов*).

ЖАРАПАЗАН

Жарапазан (діни салт). Жарапазан «рамазан»— деген сөзден шыққан, ораза уақытында балалар, бозбалалар түнде үйдің тысында тұрып жарапазан өлеңін айтады. Ораза ұстаған адамдар сауап болады деп жарапазан айтқандарға құрт, май, ірімшік, бір шаршы шүбәрек, басқа сол сияқты нәрселер береді. Жарапазанды кәсіп етіп, ораза уақытында ел аралап, күндіз жүріп айтатын үлкен адамдар болады. Жарапазан айтатын екеу болып жүріп айтады. Бірі жарапазан айтқанда, екіншісі қостаушысы болады» Мысалы:

Айтушы:

*Жарапазан айтушының сауалы бар,
Отыз күн оразаға жауабы бар.
Берсеңіз, бермесеңіз не қамым бар,
Берсеңіз, бермесеңіз не қамым бар,
Боз шұбар астымдағы, шу жануар!
Мұхамбет үмбетіне жарапазан!*

Қостаушы:

*Жарапазан, жарапазан!
Алла, құдай би рамазан! (А. Байтұрсынов).*

ЖАР-ЖАР

Жар-жар (ғұрып). Ұзатылатын қыз тойында қыз-жігіттер тобы кететін қыздың көнілін аулап, бара жатқан жағында да осындай жақсы жайлар болатынын өлеңменен айтысады. Сонымен бірге олар қыздың бақытты, абыройлы, елге сыйлы болуына тілектестік білдіреді. Мұның бәрі өлеңмен айтылатындықтан «Жар-жар» қызықты болып естіледі. Мысалы: «Жар-жарды»—жігіт былай бастайды:

*— Алып келген базардан
Қара насыр, жар-жар-ау.
Қара мақпал сәукеле
Шашың басар, жар-жар-ау!
Мұнда әкем қалды деп
Қам жемеңіз, жар-жар-ау.
Жақсы болса қайын атаң,
Орнын басар, жар-жар-ау!*

Қыз былай деп жауап қайтарады:

*Есік алды қарасу
Майдан болсын, жар-жар-ау.
Ақ жүзімді көргендей
Айнам болсын жар-жар-ау.
Қайын атасы бар дейді-ау
Осы қазақ, жар-жар-ау
Айналайын әкемдей
Қайдан болсын, жар-жар-ау!*

«Жар-жар»— негізінен ойын-күлкіге, әдет-ғұрыпқа, тәлім-тәрбиеге негізделген. Ауыз әдебиетінде «Жар-жар»— айтысы оның жалғасы. «Ауыл жар айтыстары» бар. Оның бәрін тәрбие, әдеп мектебі деп түсіну керек.

ЖЕТІ АТА

«**Жеті ата**» (ғұрып). «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» (*Мәтел*). Әр адам өзінің жеті атасын білуі — көргенділік пен білімділігін, ата көргендігін танытады. Білмесе «жеті атасын білмейтін жетесіз»— деп сөккен. Жеті атаны үйрету әр ата-ананың басты борышы. Мысалы: өзі, әкесі, атасы, бабасы және онан арғы ата-бабасының есімдерін білу жеті атаны білу деген сөз.

ЖИЕНҚҰРЫҚ

Жиенқұрық (салт). Қыздан туған балалар «жиен» деп аталады. Халық дәстүрі бойынша жиен нағашыларынан

қалаған затын, яғни «жиенқұрық» алуға тиіс. Нағашысы жиенінің бетін қайтармай үш рет беруге міндетті. Халық жиенді ренжітпей «жиен назары жаман» деп еркелетіп ұстаған. «Жиенді ұрғанның қолы қалтырайды» деген де сөз бар. «Жиенқұрық» кейбір жерлерде «қырық серкеш» — деп те аталады.

ЖОЛДАСУ

Жолдасу (жолын беру) (дәстүр). Үлкен мәжілістерде, бас қосуда бұрынғы адамдар салт-дәстүр жолымен орын алады. Бас табаққа кіруде, немесе бата беруде де ата-баба жолын негізге алады. Мұндайда тек жасы ғана емес, жүз, ру жағы да еске алынады. Мұны қазақ салты бойынша «Жолдасу» немесе жолын алу деп атайды. Бұл ежелгі қазақ заңдарында негізделген.

ЖҰМАЛЫҚ

Жұмалық (дәстүр). «Оқымаймын молдадан, Екі нығын қомдаған, бала келсе сабаққа, Жем аңдыған дорбадан» (*Жамбыл*). Бұрынғы кездерде дәріс алып жүрген балалар молдаға арнап жұма күндері оған арнаулы сыбаға (ет, қымыз, май, құрт., т. б.) әкелетін болған. Мұны «жұмалық» дейді. Жамбыл айтқандай молдалардың жұма күні «жұмалық» дәметіп отыратындары да болған.

ЖЫЛУ

Жылу (дәстүр). «Жұрт малын жылулаған аясын ба?» (*І. Жансүгіров*). Өртке ұшыраған, мал-мүлкі суға кеткенде тағы басқа бақытсыздық жағдайға ұшыраған жанұяға ауыл-аймақта тұратын адамдар мал, дүние, ақшалай көмек көрсетіп, жәрдем беруді халық «жылу» деп атайды. Кейінгі кезде қоғам мүлкін жеп мойнына ақша мінгендер «жылу» жинайтын болып жүр. Қазақ заңы бойынша ондайларға «жылу» берілмейді. Жылу беру — адамгершілік көрінісі.

ЗІКІР САЛУ

Зікір салу (діни салт). «Міне бүгінгі кеш зікір сала бастамақшы». (*С. Торайыров*). Бақсылар адам емдегенде қобызын тартып, жынын шақырып, ауруды айнала ойнақтай жүгіреді, яғни зікір салады. Бұл бақсының

өзіндік ерекшелік белгісі. Сөйтіп, ол осындай ерекше құбылыс, қимылдары арқылы ауруды қуып шықтым деп елді сендірген. Баксылардың қобызбен жын шақыру, зікір салу кезінде өзіндік сарындары болған.

ЗЕКЕТ

Зекет (діни ғұрып). «Намаз оқындар, зекет беріндер, ғибадат етушілермен бірге бас иіндер» («Құран кәрім»). Исламның төртінші шарты — зекет беру. Бұл малына алған өнімінен құдай, дін жолына, жетім-жесірлерге берілетін үлес. Зекет алтын, күміс қорынан да, ақшалай табысынан да беріледі. Малдан алынатын зекет мөлшері мынадай: 40 қойдан бір қой, бес түйеден біреу, отыз сиырдан біреу тағы сол сияқты. Әр жыл сайын зекет беру — әр адамның адамгершілік және мұсылмандық борышы.

ИТАЯҚ

«Итаяқ» (дәстүр). Жас келіншек бір ауылға қыдырып барғанда, үлкен әжелері бған «итаяғыңа» сал деп сақина, күміс, жүзік сияқты заттар береді. «Итаяқ» деген келіншек босанып баланы алғаш шаранасын жуатын суға, яғни «шілде суына» әлгіндей күміс, жүзік, сақина, түйме сияқты заттарды ыдысқа салып жіберіп, нәрестені шомылдырып жуады. Шомылдырып болғаннан кейін әлгі заттарды сол жердегі әйелдер ырым ғылып бөлісіп алып, мәз-мәйрам болып тарқасады.

ИТКӨЙЛЕК

«Иткөйлек» (ғұрып). Ырымшыл халқымызда баланы «қырқынан» (туғанына қырық күн толған күн) шығарылғаннан кейін оның көйлегіне тәтті түйіп, оны иттің мойнына байлап жіберетін дәстүр бар. Итті балалар қуып жетіп, мойнындағы «ит көйлекті» шешіп алып, тәттісін бөліп жейді. Көйлекті баласы жоқ келіншектер ырым қылып алады. Иткөйлектің шығуы ит мойнына байланғандығында ғана емес, оны жеті қазыпаның бірі деп, әрі баламыз көп болсын деген ырыммен астасып жатыр.

Осы жерде «қырқы» деген сөзге мән беру керек. Қайтыс болған адамның да «қырқы» беріледі. Бірақ баланы «қырқынан шығарылды» деп, өлген адамға «қырқы берілді» деп атайды. Мұны шатастырып алуға болмайды.

КӘДЕ

Кәде (ғұрып). «Ат өлсе де, кәде өлмейді», «Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз күйеу болмайды» (*мақал*). Ойын, тойларда, айтта тағы басқа салт-дәстүрлер кезінде берілетін сыйды немесе алымды «кәде» деп атайды. Кәде — ойын-тойдың гүлі, оның сұрауға әркімнің деркі бар. Кәде жолдары қазақтарда өте көп.

Той кәде, жол-жоралары: тойбастар, шашу, мүше сұрау, тәбәрік т. б.

Құдалық жол-жоралғылары, кәделері мен ырымдары: жаушы жіберу, алдынан өту, қалың мал, құда түсу, өлі-тірі, бата аяқ, той малы, есік ашар, атбайлар, тойбастар, құйрық-бауыр, құда тарту, көрімдік, отқа құяр, түйемұрындық, қосақбас, құда аттандырар.

Күйеу жолы мен кәделері: ұрын бару, есік көру, ендікпе, көрімдік, күйеу табақ, қалыңдық ойнау, қызқашар, құда-күйеу келгенде: сүт, ақы, ат байлар, босаға аттар, күйеу табақ, жеңгетай, отау жабар, қол ұстатар, шаш сипатар, ит ырылдатар, кемпір өлді, бақан салар т. б.

Бала туғанда, жүргенде жасалатын дәстүрлер мен кәделер: Шілдехана, қазанжарыс, кіндік кесу, көтеріп алу, ат қою, бесікке салу, қырқынан шығару, тұсау кесер, шілтерге сигізу, сүндеттеу т. б.

КЕКІЛ ҚОЮ

Кекіл қою (ғұрып). «Қарағым, айналайын, кекілдім-ай, Көгілдірі акқудың секілдім-ай» (*халық өлеңі*). Жас балалардың шашын тегіс ұстарамен алып тастайды да маңдайына бір шөкім шаш қалдырып, оның жиегін тегістеп қиып қояды. Оны «кекіл» дейді. Кекіл балаларға жарасымды ажар береді.

Кекіл жылқыда да болады. «Кекілін кескен кер атым-ай, Титтейден өскен бекзатым-ай» (*Халық өлеңі*).

КЕУСЕН

Кеусен (дәстүр). Бұл егіншілікке байланысты айтылатын сөз. Әдетте егін пісіп, мол өнім алынғанда егіншілер туған-туысқандары мен ауылдастарына астық береді. Оны «кеусен» деп атаған. Бұл малшылардың «көгентүп» беретіні сияқты мырзалық дәстүрдің бір түрі.

КӨЗ ҚЫСУ

Көз қысу (ғұрып). Халық арасында ойды, айтар сөзді ыммен білдіретін жайлар да аз емес. Мұндайда «ымды білмеген дымды білмейді» — дейді. Соның бірі көз қысу. Мұның екі түрі бар. Біріншісі — көп ортасында тілмен айта алмайтын «айтпа», «сездірме», «үндеме» тағы басқа ұғымды білдірсе, екіншісі — ер мен әйел арасындағы жасырын сүйіспеншілік жолды білдіреді.

КИІТ

Киіт (дәстүр). «Құдалық белгісі — киіт, қоныс белгісі — бейіт» (*мақал*). Құдалықтың негізгі белгісі және олардың арасында жүретін, соған ғана лайықталған сый, сияпат. Ол құдалар дәрежесіне, дәулетіне байланысты әртүрлі болып келеді. Мысалы бұрын құндыз жағалы тон, қасқыр ішік, жақсы кілем тағы басқа қымбатты бұйымдар, киімдер мен заттар берілген. Киіт қазір де бар.

КӨГЕНТҮП

Көгентүп (көгендік). Бір-біріне жақын туыс, ілік, жұрағат адамдардың баласына ескерткіш, сый ретінде берілетін мал: (қозы, қой, бұзау, құлын, тай, бота, тайлақ, ат). Бұл бала үшін сый, қуаныш болса, оның ата-аналары үшін құрметтеудің белгісі десе де болады. Көгентүп беруді малды ауылдардың әлі де пайдаланып жүрген жақсы, жарасымды салттарының бірі.

КӨЗ ТИЮ

Көз тию (ырым). «Бір тойда диуананың көзі тиіп, кезінде құлыншақтай ол да өлді» (*И. Байзақов*). Қазақтың ұғымы бойынша жақсы адамға, жас балаға, жүйрік атқа, сұлу қызға көз тиеді деген ұғым бар. Ондай адамдарға «көзі бар» немесе «назар керде» дейді. «Кісі еді назар керде Кенесары, көзінің қарағанда өтті зәрі», (*Наурызбай-Қанышайым*). Ас, тойларда шыққан палуанды, жүйрік атты көзге көп көрсетпейді. Ажары әдемі жас сәбилердің бетіне күйе жағып қоятын да ғұрып бар. Бұл көз күйеге тиеді деген түсініктен шыққан. Біреулер жас келінге, сәбиге сұқтана қараса «көзің тиеді, түкір» деп түкіртіп алатын да ырым бар. Көз тисе «сүк-сүк» — деп, тіл тисе «тіфә-тіфә» деп немесе біреуді мадақтағанда «тіл аузым — тасқа» деп ырымдайды.

КӨРІМДІК

«Көрімдік» (салт). «Содан соң көрімдік алғым да келіп кетті» (F. Мүсірепов). Жаңа туған балаға, жас келінге, ботаға тағы басқа алғаш көрген сәтте көрімдік сұрау халықтың ежелгі және лайықты дәстүрі. Мұның маңызы алып, беруде ғана емес жақын-жуықтың адамгершілігін, ниетін, ашыққолдығын да танытудың белгісі ретінде қаралады. Жоғарыда айтылған байғазы мен көрімдік екеуі екі басқа ұғым. Көрімдік адамға, жандыға, байғазы көбінесе жансыз дүниелерге қатысты айтылады.

КӨРІСУ

Көрісу (ғұрып). Көрісудің екі түрі бар.

1. Бұрынғы дәстүр бойынша ұзатылған қыздар жыл толмай төркін жұртына баруына болмайды. Бұл қыздың жаңа қауымға алансыз үйренсін деген мақсатпен жасалған. Және келін болғаннан кейінгі биологиялық өзгеріске ұшырауы да өзінің еліне көрінбеуге тырысқан. Елін, бауырын сағынып жүрген осындай кездерде қыздың аға-інісі іздеп келгенде қыз оларға өлең, жырмен көрісіп, жылап, өзінің сағынышын, өкпе-назын, қуанышын білдіреді. Мұндай сәтте қыз туыстарына басындағы жаулығын көрсетуге ұялып, оны алып тастап, орамал тартып алады. Қыздың бұл көрісуі өте жарасымды әдет-ғұрып қатарына жатады.

2. «Кімдер екенін айырып болар емеспін, кезек-кезек келіп, мені құшақтап көрісіп жатыр» (Т. Әбдіков). Туыс-туғандары, ет жақындары қайтпас сапар шеккенде артта қалған ағайын, іліктері көрісіп, жылайды, дауыс қылады. Еркектер де көріседі, бірақ әйелдердей жоқтау айтып, дауыс қылмайды.

КӨҢІЛ СҰРАУ

Көңіл сұрау (дәстүр). «Соңғы кездерде Базаралы наукас дегенді естіп, көңілін сұрай барысты (М. Әуезов). Ауырып жатқан адамның көңілін сұрау — адамгершіліктің белгісі. «Аурудың емі — саудың сәлемі» дегендей аталы сөз бар. Көңіл сұрай барған адамның наукасты жұбатып, «ауырып тұрдың — аунап тұрдың», «ауру батпандап кіріп мысқалдап шығады», «дертіңізге шипа берсін» деген сөздермен оның жазылуға деген сенімін арттыра түсуге тиіс. Бұл да адамға деген құрметтің бір түрі.

КҮЙЕУАЯҚ

«Күйеуаяқ» (ғұрып). Жігіт қалыңдығын алғаннан кейін әдеп бойында енесін қошаметпен өз үйіне апарып салады. Ата-енесі күйеу баласына ірі мал атайды. Мұны «күйеуаяқ» дейді.

ҚАЗАНЖАРЫС

«Қазанжарыс» (ырым).— Әйел босанар сәтте басқа әйелдер қазанға жеңіл-желпі тамақ істеп оны босанатын әйелден бұрын пісірмек болып «жарысады». Халық ұғымы бойынша туатын бала «қазан жарысқа» «қатысып», одан бұрын өмірге келуге тырысады деп түсінген.

ҚАЗАН ШЕГЕЛЕУ

«Қазан шегелеу» (салт). «Қазан шегелейік»— деп Жексен кеңкілдеді, Екі иығы селкілдеді» («Мірдің оғы»). Өздері жақсы танитын, әзіл-қалжыңы жарасқан адамдар бір-бірінің үйіне бас қосып барып «осы үйдің қазаның шегелей келдік» дейді. Үй несі әзілмен жауап қайырып «жақсы болды ғой, қазан шегелегіш шебер іздеп отыр едік» деп қонақжайлық танытып, оларға қонақасы береді. Демек «қазан шегелеу» қонақ бола келдік деген ұғымды білдіреді. Бұл дәстүр де қазақтың қонақжайлық бейнесін танытатын ғұрыптардың бірі.

ҚАЙЫРЛЫ БОЛСЫН АЙТУ

Қайырлы болсын айту (дәстүр). «Бәрі де қайырлы болсын, қарақтарым» (Т. Әбдіков). Бала туған, келіп түсірген т. б. сол сияқты қуанышқа «қайырлы болсын» айту ата салтымыз. Ол сол адамдарға деген ыстық ықыластың қуанышқа ортақ екендігінің белгісі. «Қайырлы болсын» айтуға келмегендерге өкпелеуге де болады.

ҚАЛАУ

Қалау (салт, дәстүр). «Құттықтап әркім келіп, қалау алып, Ат мінді молда дағы атын қойған» (С. Торайғыров). Біреудің жақсы малына, затына, мүлкіне көңілі кеткен адам сол үйге барып. «қалау» қалайды. Яғни үй несіне, әйеліне, не баласына лайықты бағалы тарту жасап, қалауын айтады. Оның тартуының бағасы өзі қалаған затының бағасымен сәйкес келуі шарт емес). Дәс-

түр бойынша үй иесі қалаушы адамды қонақасы беріп, қалағанын орындап қайтаруға тиіс. Бұл жомарттық пен мәрттіктің, іліктік жақындық, әрі сыйластықтың белгісі.

ҚАЛЖА

Қалжа (ғұрып). «Менің сорлы шешеме қалжа қайда, Қой сат деп әкем шапты көрші байға» (С. Торайғыров).. Жас босанған әйелге арнаулы мал сойылып, берілетін тамақ «қалжа» деп аталады. Жақын адамдар да «қалжа» әкеледі. Бұл әрі сыйластық, құрмет, әрі босанған әйел тез сауығып кетсін деген мақсаттан туған елдік дәстүр, ғұрып.

ҚАЛЫҢ МАЛ

«Қалың мал» (дәстүр). «Мен ат-тон айыбымен қалың малын қайтартпақшы болдым ғой» (С. Көбеев). Бұрын әке-шешелер қыз, жігіттің ықтиярынсыз құда түсіп, қыз беретін адам алушыдан қалың мал алады. Оның мөлшері құдалардың дәрежесі мен дәулетіне байланысты, екі жақ келісе отырып шешеді. «Бұрынғы кедейлер арасындағы қалың мал мөлшері 5—6 малмен тынса, ірі байлар арасында екі жүз, бес жүз, мың жылқыға дейін жеткен. Би мен байлар, хан мен төрелер арасында қалың мал үстіне «бас жақсы» деп аталатын бес түйеге қосып бір «жетім қыз» (күн), «аяқ жақсы» деп беретін үш түйеге қосып бір «еркек жетім» (кұл) бергендігі кейбір деректер арқылы белгілі. Қалың малдың «қырық жеті», «отыз жетінің бүтіні», «отыз жеті», «отыз жетінің жартысы», «жақсылы отыз жеті», «жиырма жеті», «он жеті», «домалақ қалың мал», «домалақ бата» сияқты түрлері болған. (ҚСЭ 6-том.) Мұның сыртында той мал, сүт ақы, күйеу апаратын ілу, өлі-тіріге апаратын, тағы басқа көптеген бағалы кәде-жоралар да болады. Қалың мал 1920 жылы жойылды.

ҚАРАШАҢЫРАҚ

«Қарашаңырақ» (дәстүр). Үлкен балалары отау тігіп, бөлек шыққанда ең кенже ұл (кіші ұл) әкесімен бірге қалады. Әке-шешені асырау осы кенже ұлдың міндеті. Әкесі бар кезінде де, немесе од-қайтыс болғаннан кейін де осы үй «қарашаңырақ» деп аталады. Бұл «үлкен үй деген мағынаны білдіреді. Егер «қарашаңырақ»

батыр, би, әулие, молда т. б. сыйлы кісілердің үйі болса, онда сол ауылдың адамдары алыс сапарға шықса, немесе алыстан адам келсе сол үйден ырым қылып дәм тадады.

ҚАРҒЫС

Қарғыс (ғұрып). «Қарғыстан қорқушы еді ұлап ішім, Өлмесе қанды қанмен жумақ үшін» (*Ақылбай Абайұлы*). Зорлық-зомбылық жасаса оны қарғау әдеті бар. Ол адамға да, малға да, дүние-мүлікке де айтыла береді. «Жер жастанғыр», «өлім келгір», «қарасан келгір», «өртеңгір» деген сияқты қарғыс түрлері өте көп. «Ашынған тәңірісін қарғайды» дегендей қарғыс ашу, ыза, кек үстінде айтылады. Қарғыстың ең ауыры — ананың ақ сүтін көкке саууы және атаның теріс батасы болып саналады. Бұрын аса жүгенсіздік көрсеткен балаларын ата-ана осылай қарғаған. «Үш түрлі дұға бар, олар шексіз қабыл болады»: 1. Ата-ананың перзенттік хақысын өтемеген балаға арнап оқыған қарғыс дұғасы» (*Мұхамбет пайғамбар*).

«Қарғану» деген де бар. Ол біреу жала жапқанда, нақақ күйдіргенде адалдығын дәлелдеу үшін «жалғызымның қызығын көрмейін», «құран ұстайын», «керегенің көгін жейін» деп қарғанады. Мұны адал адамдар ғана айта алған.

ҚОНАҚАСЫ

Қонақасы (салт). «Бермейсің қонақ келсе қонақасы» (*Ел аузынан*). Халқымыздың тарихи, әлеуметтік, тұрмыстық жағдайларындағы ерекше қымбат дәстүрі — қонақжайлық. Үйіне келген қонақты құрметпен қарсы алып, мал сойып қонақасы беру — жомарттықтың, елдіктің үлкен белгісі. Қазақ семіз қойын, басқа да жылы, жұмсақ тағамдарын қонаққа әдейі сақтап «қонақ келеді» деп күтініп отырған. «Құдайым би қылмасаң да би түсетін үй қыл» деп тілек тілеген қазақ үйіне қонақ түскенді мәртебе, бақыт санаған. Қонақ та кез келген үйге түспей, қонақжай, дастарханы мол, таза, көргенді ұл-қызы бар үйге түсетін боған. Қазақтың әр үйі өзінде «қонақтың ырыздығы» бар деген ұғым қалыптасқан. Халық дәстүрінде қонақ шақырмау, қонақты үйге түсірмеу үлкен айып болып саналады. Қонақты арнайы қонақ, құдайы қонақ деп бөледі. Қыдырма қонақ деген де бар. Бірақ ол сыйлы қонақ емес.

ҚОНАҚКӘДЕ

Қонақкәде (дәстүр). «...алдарында қонақ кәдесі үшін ақша беріп қойшыға әлгі өленді айтқызып... Көтештің құнын алыпты» (И. Байзақов). Үй иесінің қонағына «қонақкәде» айтыңыз деп өтініш жасауға хақы бар. Бұл «өлең айтыңыз, өнер көрсетіңіз» дегенді білдіреді. «Қонақкәденің» шығуы көңілді отырудан, қонақ өнерін сынаудан шыққан. Сондықтан да болар, бұрынғы адамдар жастарды өнерге, айтысқа, қол өнерге, шешендікке, өлеңге, домбыра үйренуге ерте баулыған.

ҚОЛҰШЫН БЕРУ

Қол ұшын беру (дәстүр). «Бітер істің басына, жақсы келер қасына» дегендей жұмыс істеп жатқан жерге келген әр адам қанша асығыс болса да сәл аялдап, қол ұшын беруге тиіс. Мысалы, үй салып жатқан жерде, ағаш, кесек әперу, егін жинап жатқан жерде екі-үш күрек дән тасып әкелу тағы сол сияқты көпшілік жұмылған іске өз үлесін қосу азаматтық борыш, міндет болып саналады. Егер мұндайда кейбіреу еңкеймей тұрса, онда оған «еңкей, қол ұшын бер, балаңның белі бүкір болады» деген әзіл-шыны аралас ескерту жасайды. Осындай көп жұмылған жерде бос тұру тәрбиесіздік, әрі білімсіздік болып саналады.

ҚОЛКЕСЕР

Қолкесер (дәстүр). «Ділдебек қолкесерім деп санның шақпақ етінен пышақты салды да жаяның қыртысынан апарып бір-ақ шығарды». (Ғ. Мүсірепов). Біреудің соғымын сойысқан соғымшыға үй иесі «қолкесерін» деп сыбағалы етін береді. «Қолкесер» білетіндердің айтуынша соғым союшының байқаусызда қолын кесіп алса соның төлеуі ретінде шыққан көрінеді.

ҚОРЫҚТЫҚ ҚҰЮ

Қорықтық құю (ем, ғұрып). «Тағы қорықтық құю ма, қара малдың өкпесімен көшіру ме...» (С. Торайғыров). Әлденеден қорыққан, шошынған адамға қорықтық құйып ем жасайды. Оның жасалу жолы былай: табаға май құйып, қорғасынды басқа ыдысқа қорытады да қорғасынды аурудың төбесіне әкеліп әлгі табаға құйып жібереді. Халықтың ұғымы бойынша қатқан қор-

ғасынға ауру неден қорықса соның бейнесі түседі. Мысалы иттің, адамның, жыланның бейнесі сияқты. Егер ауру неден қорықса, қорықтық күйғанда соның бейнесі түссе, ол жазылады деп түсіндірілген.

ҚҰДА ТҮСУ

Құда түсу (дәстүр). «Итбай Тұрлығұлға құда түсін мал алуға даярлана бастады» (С. Көбеев). Ертеден және қазір де жалғасып келе жатқан жақсы әрі жарасты дәстүрлердің бірі — құда түсу. Жігіттің әкесі немесе оның жақын туыстары қызы бар үйге құда түседі яғни бой жеткен қызын сұрайды. Құдалар құрметке лайық сыйлы адам деп саналады. Қыз әкесі келісім берген соң құдалықтың жөн-жоралғыларын жасайды. Оның түрі өте көп, мысалы: құда аттанар, құда тарту, ат байлар, құйрық-бауыр тағы басқа ырымдары мен кәде алымдары болады («кәдеге» қараңыз). Құдалықты басқарып барған адам «бас құда» деп аталады. Тұрмыс құратын жігіт пен қалыңдықтың әкелері бір-біріне «бауыздау құда» деп аталады.

Құда түсу — қазақтың мәртебелі әрі жарасты салт-дәстүрлерінің бірі. Онда түрлі ойын-сауық, әзіл-қалжындар айтылады. Екі жақ та бір-бірін сынап отырады.

ҚҰДАЙЫ

Құдайы (діни ғұрып). «Құдайыға боз дөненді лайықтап еді» (Қ. Сәрсекеев). Кездейсоқ апаттан аман қалғанда, азамат қиын сапардан оралғанда, немесе амандық жолына берілетін діни ғұрыптық дәстүр. «Құдайыға» мал сойып, көпшіліктің батасын алады.

ҚҰН

Қүн (заң, дәстүр).—«Мен жүз түйе құн кестім, ердің құны екі елу» (Ел аузынан). Ұрыс-төбелесте, барымтада кісі өлімі болған жағдайда айыпкерлер жағы құн төлеуге тиіс. Мұндайда екі жақтан ақсақалдар мен билер шығып дауды карап, қандай мөлшерде құн төлейтінін шешеді. Егер даугер жағы «қанға-қан» дегеннен (өлімге-өлім) бас тартып «құнға» келіссе оның шартын, уақытын белгілейді. Әз Тәукенің жасаған «Жеті жарғы» заңы бойынша ер адамның құны 100 жылқы не 50 түйе, немесе 1000 қой, әйелдің құны оның жартысына тең. Екі қабат әйелді ұрып, баласын түсірсе, айыпкер бір

ат немесе бір түйе, біреудің бас бармағын сындырған адам 100 қой құн төлейді. Күйеуін өлтірген әйел өлім жазасына кесіледі. Егер күйеуінің туыстары кешірім жасамаса, ол құн төлеп құтыла алмайды.

ҚҰЙРЫҚ-БАУЫР

Құйрық-бауыр (салт). «Құйрық-бауыр жедің бе, құда болдым дедің бе» (*мәтел*). Бұл құдалық дәстүр рәсімі болғанмен ұлт салт-дәстүрінде орны бөлек жай. Екі жақ келісіп құда болған жағдайда оларға құйрық-бауыр салып арнаулы сый әкеледі. Әкелуші әйел «бауырдай жақын, құйрықтай тәтті болындар» деп тілек білдіреді. Одан барлық құдалар ауыз тиеді. Құйрық-бауыр жеу қазақ дәстүрінде құда болудың заңды белгісі — құжат болып бекітілген.

ҚҰРАН ҰСТАУ

Құран ұстау (діни ғұрып) «...Ахметті ат-шапанымен аяғына жығып, енді ондай мінез шығармасқа құран ұстатып, нан жегізіп, баяғы екі жүз теңгені кештіріп, ат-шапанға разы қылды» (*С. Торайғыров*). Орынсыз жала жабылғанда өзінің ақтығын, адалдығын дәлелдеу үшін, немесе қылмысын қайталамау үшін, адам қолына мұсылманның қасиетті кітабы құран ұстап «егер осы істе мен кінәлі болсам құран ұрсын!» деп ант беріп, нан жейді. Бұл оның кінәсіздігінің, немесе сертте тұратындығының толық дәлелі. Қарсы жақ адамдары оған сенеді. Кейде одан кешірім де сұрайды. Қазақтың «құран, нан» деп қарғануы осыдан шыққан.

ҚҰРДАСТЫҚ ҚАЛЖЫҢ

Құрдастық қалжың. (ғұрып). «Даңқты актер Қалибек Қуанышбаев пен әйгілі күйші Әбікен Хасенов әзілдері жарасқан түйдей құрдас екен». Бір жылы туған адамдар құрдас деп саналады. Халық ғұрпы бойынша олар бір-бірімен әрі тату, әрі қатты қалжыңдасып, тіпті бірі екіншісінің сыртынан да әзіл айта береді. Айы, күні қатар құрдастар «түйдей құрдас» деп аталады. «Екі аяқтыда құрдас, төрт аяқтыда бота тату» деген осыдан шыққан. Құрдастардың әйелдері де құрдас болып есептеледі. «Әкесі құрдастың баласы құрдас» деп, олардың балалары да әзілге араласып отырады. Құрдастық қалжындар басқа түркі халықтарының арасында кездесе бермейді.

Ел аузында құрдастық қалжындардың Күлкілі әрекеттері мен сөздері көптеп кездеседі.

ҚҰРСАҚ ШАШУ

Құрсақ шашу (дәстүр). «Құтты болсын деді де, Құрсақ шашу жеді де, қайтадан халқы тараған» («Алпамыс»). Жас келіннің екіқабат болғаны белгілі болса, оның абысын-ажындары, енелері әйелдерді шақырып, құрсақ тойын (кей жерде «құрсақ шашу» дейді) жасап, оның аман-сау қол-аяғын бауырына алуына (яғни босануына) тілек білдіріп шашу шашып, дастарханды түрлі дәмге толтырып, сауық жасайды. Ғұрып бойынша бойына бала біткен келіншекті «күмәнді», «аяғы ауыр», «ішінде көжесі бар» деп тұспалдап айтады. Бұл сөздің мәнісі жас келін қысылып, ұялмасын, тіл-көздің сұғынан сақтасын деген ойдан шыққан.

Жас келін бала біткен соң бойына ас сінбей құса береді. Әлдеқандай тағамға көңілі шабады. Мұны жерік болды дейді. «Бәйбіше келді алаңдап, Жас бөріше жалаңдап, Жерігі қанбай сандалды» («Алпамыс»). Мұндайда әйелдер жерік ананың көңілі қалаған асын табуға тырысады. Жерігі қанбаған әйел басы айналып, ауыра береді. Мұндайды «ит жерік» дейді. Қалаған асы табылып, жерігі қанған әйелдің құмары тарқап, ерекше сезімге бөленіп, денсаулығы жақсара бастайды. «Жерік асын жегендей қуанды» деген сөз осындайдан шыққан. Жеріктікті басудың тек анаға ғана емес, іштегі сәбидің де денсаулығына зор әсері бар. Мысалы жерігі қанбаған ананың балалары әлжуаз, аурушаң, кейде кем тууы да мүмкін. Сәбидің аузынан суы шұбырып жүруі де осындайдан болады дейді халық даналығы.

Халық екіқабат ананы да тәрбиелеу жолын есте ұмытпаған. Оны мәпелеп, аялай білген, ренжітпеген. Бұл жөнінде жазушы Зейнеп Ахметова былай деп жазған: «Қарағым, биік тауға қара-көңілің өседі, көңілің өссе-немерең кең пейілді болады, жайқалған шөпке, жайнаған гүлге қара-сәбиің шырайлы болады, бұлақтың көзін аш, бала қайырымды болады» деген секілді ұлағатты тәлімін беріп, аналарымыз жас келіншектің таным-талғамын ұштап... баулыған». Міне бұл ұлттық ұғымның ұлағаты.

Дәстүр бойынша жас келін босанғаннан кейін оның анасы әдейі келіп, қуанышқа ортақтасады. Бұл ананың басты парыздарының бірі.

ҚЫМЫЗМҰРЫНДЫҚ

Қымызмұрындық (дәстүр). «Қымызмұрындық» — бие байлап, алғашқы қымыз ішу тойы» (І. Кеңесбаев). Құлын байлап, бие сауылып оның сүті қорланып ашытылған соң, екі-үш күн бойы жиналған қымызға ақсақалдар мен көрші-көлемдер «Қымызмұрындыққа» шақырылады. Яғни, алғашқы қымыз адамдарға салтанатпен ұсынылып, «көпке бұйырсын» деген тілекпен қымыз беріледі. Ақсақалдар үй иесіне рахмет айтып, батасын береді. Халықтың бұл дәстүрі де қонақжайлық, мәрттік қасиеттерін арттыра түседі. Бие ағытылып, соңғы қымызға осы кісілер тағы да шақырылады. Оны «сірге мөлдіретер» дейді.

ҚЫЗ ҚУУ

Қыз қуу (дәстүр, ойын). «Тойда ат шабу, балуан күресу, қыз қуу сияқты ұлт ойындары болады» (С. Мұқанов). «Қыз қуу» — дәстүрге де, ойынға да жататын қазақ арасына кең тараған көңілді көрініс. Оның шарты — қыз атпен қашады, жігіт оны қуып жетсе бетінен сүйеді де, кейін қашады. Енді қыз қуып жетсе, оны қамшының астына салады. Бұл қызықты дәстүр әлі де жалғасып келе жатыр.

ҚЫЗ ТАНЫСУ

Қыз танысу (ғұрып). «Күйеу келтір, қыз ұзат тойынды қыл, қыз таныстыр-қызыққа жұрт ыржыңшыл» (Абай). «Қыздың ұзатыларда туған-туыстарын қыдыртып, төркіндеуі» (І. Кеңесбаев). (Қазақ тілінің фраз. сөздігі 370-бет. А-77 жыл). Белгілі ғалымның бұл түсіндірмесінде қателік бар. Ұзатылатын қыз төркіндемейді, халқымызда ондай ұғым жоқ. Ұзатылған қыз ғана төркіндейді. Ұзатылған қыз өз босағасынан аттанар бұрын туған-туыстарын аралап, көрінеді. Мұны дәстүр бойынша «қыз танысу» дейді. Қыздың барған үйі оған құрмет көрсетіп, жақсы тілектер тілеп, бағалы киім, дүние мүлік, жақсы тағылымдар беріп аттандырады. Бұл бұрын халық арасында өте жарасты дәстүр болып қалыптасқан.

ҚЫЗОЙНАҚ

Қызойнақ (салт). «Бір күні қызойнаққа барып, таң ата келіп жатсам, ұйықтап қалған екенмін, әжем оята-

ды» (Б. Майлин). Әке-шешелері жоқ кезінде бойжеткен қыздар оңаша қалып, ойын-сауық ұйымдастырады. Оған (жасырын түрде) жігіттер де қатысады. Бұл мәжіліс құпия өтеді және оны ұйымдастырушылар тек қыздар болғандықтан «қызойнақ» деп аталған. Қызойнақ көп ұйымдастырылмайды, ата-ана оған өз қыздарының қатысуына қатаң тиым салған. Оның мақсаты — қыздарды жеңілтектіктен, немесе ұят басып калуынан сақтандырудан шыққан.

ҚЫНАМЕНДЕ

«Қынаменде» (дәстүр). «Қынаменде жар-жар мен беташар бар, өлеңсіз солар қызық бола ма гүл?» (Абай). Бұл да ұлттық ғұрпымыздың салтанатты да, көңілді кешінің бірі. Құда түсіп, уәде пісіп, қалың мал төлеген соң күйеудің атастырған қалыңдығын алғаш рет көруге келген тойы «қынаменде» деп аталады. «Шығыс халықтарында «қынаменде» кеші қыз абыройының тазалығын білдіру үшін қалыңдықпен бірге болған күннің ертеңіне де өткізіледі. Ән, күй, би қатар жүргізілетіндіктен «қынаменде» жас жұбайлардың шаттық кешіне, жастардың махаббат мұратына жету символына айналған. (КСЭ. 7-том.) Бұл да дәстүрге бай еліміздің тәрбиелік ережесінің бір саласы.

Күйеудің бұл жолы әр жерде әртүрлі аталатынын да айта кеткен жөн. Мұны кей жер «қалыңдық ойнау» дейді, кей жерде «ұрын келу» дейді. «Бір күні күйеу байғұс ұрын келді, Қисайтып жаман бөркін қырын келді» (Н. Ахметбеков).

ҚЫРҚЫНАН ШЫҒАРУ

Баланы қырқынан шығару (салт). Қазақ халқының ғұмырында жеті, тоғыз, қырық сандары қасиетті деп есептеледі. Мысалы «Жеті жарғы», «Жеті қазына», «бір тоғыз», «үш тоғыз», «қырықтың бірі-қыдыр» деген қағидалар осы сандық ұғымнан пайда болған. Соның бірі баланы «қырқынан шығару» дәстүрі. Әдетте баланың туғанына қырық күн толған соң, баланы ыдысқа қырық бір қасық су құйып шомылдырады. Бұл ресми дәстүр. Оған үлкен әжелер, әйелдер қатысады, кәде беріледі, дастархан жайылады. Сәбидің қарын шашы алынып, оны сәбидің өзінің киіміне, матаға орап тігіп қояды. Мұндағы мақсат ертеде сурет болмағандықтан баланың, сәби кезінен ескерткіш ретінде сақтаудан шыққан.

МОЙНЫНА БҰРШАҚ САЛУ

Мойнына бұршақ салу (ырым, ғұрып): «Ұлы Қорамсадан көпке шейін бала болмаған соң, Жарқынбай бәйбішесі, һәм тоғыз қызымен көгеннің бұршағын мойнына салып, тәңірден немере тілейді» (М. Жұмабаев). Баласыз адамдардың мойнына көгеннің бұршағын салып құдайдан ұрпақ тілеуі ертеден келе жатқан әдет. Бұл тағдырға мойын ұсынып, тәңірге шын беріліп, оның барлық әміріне көнудің және ақ тілеудің белгісі. Мұндай тілек әсіресе ертедегі жырларда жиі кездеседі. Оның соңы тілек орындалып, қуанышқа кенеліп жатады. Бұршақ салу-тәңірден бала сұраған жағдайда ғана қолданылады.

«НАУРЫЗ» МЕРЕКЕСІ

«Наурыз» мерекесі. «Наурыз — парсы сөзі. Бұл қазақша айтқанда «жаңа күн» — деген сөз» (А. Байтұрсынов). Қазақ халқы «Ұлыстың ұлы күні» деп аса қадірлейтін бұл күн, яғни 22 наурыз бүкіл Шығыс халықтарының бас мерекесі. Наурыз — жаңа жыл тойы, көктем мерекесі, күн мен түннің теңесу сәті, халықтардың ынтымақ күні. «Наурыз — табиғаттың мейрамы» (С. Қожанов). Демек бұл осы мерекені тойлайтын халықтар үшін аса зор салтанат, ұлы жиын. Орта Азия мен Қазақстан тұрғындары бұл күнді «Самарқанның көк тасы жібiген күн» деп те дәріптейдi. Наурыз қазақта бiрiншi айдың аты.

Наурыз күні халық таза киініп, бірін-бірі құттықтап, қуаныш дастарханын мол жаяды. «Ұлыс құтты болсын!», «Ақ мол болсын», «Төрт түлік ақты болсын!» деген сияқты тілектер айтылады. Адамдар бір-бірінің қатесін кешіріп, татуласады, оның аяғы ойын-сауық, ән-жырға жалғасады. Халықта бұл күнге лайық салт-дәстүрлер де бар. Олар «Наурыз тойы», «Наурыз жыры», «Наурыз көже», «Наурыз батасы» деп аталады. Бұл айда туған баланың аты да Наурызбай, Наурызгүл деп қойылған.

«Наурыз» ел мерекесі бола тұрса да кешегі Кеңес өкіметі діни салт есебінде оны тойлауға 60 жыл бойы тиым салып келді. «Қазақтың наурызы — дін мейрамы емес, тұрмыс мейрамы, шаруашылық мейрамы» (М. Жұмабаев). Соңғы жылдары «Наурыз» күні қайта тойлана бастады және ол барлық жерде кең қолдау тауып, халықты рухани жағынан байытты. Наурыз жөнінде Абай,

Ә. Бөкейханов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Ә. Марғұлан, М. Ғабдуллин тағы басқа ұлы адамдарымыз ғылыми еңбектер жазған. 22-наурыз Қазақстан республикасында ұлттық мереке, әрі демалыс күні болып белгіленген.

НАУРЫЗКӨЖЕ

Наурызкөже (дәстүр). Наурыз мейрамының ажырамас белгісі-наурыз көже дайындау. Наурыз көже азықтың жеті түрінен жасалады. Жеті түрлі азық халықтық дәстүрден шыққан... Қазақ тіліндегі жеті ата, жеті қазына, жеті қат жер, жеті қарақшы, жеті түн, Жеті жарғы т. б. тұрақты тіркестер халықтың ежелгі наным-сенімдерінен, мифологиялық, астрологиялық түсініктерінен туған. Сондықтан кей жерлерде наурыз көженің құрамы өзгергенмен, ондағы азық түліктің жеті түрі болуы мұқият сақталған. («Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия, 4-том, 672-бет.) Көже негізінен бидай, тары, күріш, өт, тұз, сүт, су т. б. тағамдардан жасалады да әр үй өз отбасынан дәм татырады. Бұған қыстан шыққан қазы, шұжық, сүр ет сияқты сыйлы, сыбағалы мүшелер де қосылады. Наурыз көже ежелгі жомарттық, қонақжайлық сияқты бағалы дәстүрлердің бір көрінісі ретінде қалыптасқан.

НАМАЗ ОҚУ

Намаз оқу (діни). «Енді намаздың аты — салауат, салауат дұға мағынасында» (*Абай*).

Исламның екінші шарты — намаз оқу. Алла тағалаға шексіз сену — ең биік парыз. Содан соңғы үлкен парыз және маңыздысы — намаз оқу. Намаз — имандылық көрінісі. Шынайы дін атаулының бәрінде де намаз дұғалары бар.

Намаз парызы он екі. Намаздың сыртқы парыздарын шарттар, ал ішкі парыздарын ұстын яки таған деп атайды. Намаз шарттары алтау: 1. Һадестен тазару; 2. Нәжістен тазару; 3. Әуретті жабу; 4. Құбылаға бет қарату; 5. Уақытты өткізіп алмау; 6. Ниет ету. («Мұхтасар» 11 бет) Бес уақыт намаз: 1. Таң намазы. 2. Бесін намазы. 3. Екінді намаз. 4. Ақшам намазы. 5. Жашиық намазы. «Намазға, бір аллаға бой ұсына, содан қорқа отырып оқындар!» («Құран кәрім»).

НЕКЕ ҚИЯР

Неке қияр (ғұрып). «Ауылнаймын қағазсыз неке қиямаймын, жаназа оқытпаймын — деп Қөдебай бір дікілдейді. (Б. Майлин). Бас қосқан ер мен әйелдің міндетті түрде некесі қиылады. Ол көпшілік алдында жасалады. Қосылған, бірақ некесі қиылмаған адамдарды халық «некесіз» деп сөккен және оларға салқын қараған. Олардың балалары да «некесіз туған» деген жаман атқа қалған. «Ауыз әдебиетінде» неке қияр кезінде айтылатын куәлар сөзі бар. Неке қияр сөз деп — неке қияр кезде екі арада жүретін екі куәнің, жігіт пен қыздың ырзалығын сұраған уақытта айтатын сөздерін айтамыз. Бұл әнмен айтылмайды. Бірақ өлеңше ұйқасқан, дәйім бір қалыпты айтылады.

Мысалы:

*Куә, куә, куәдірміз,
Куәлікке жүрәдірміз.
Мұнда халық қасында,
Таңда хақ қасында
Екі кісі хақ куәлік бередүрміз.*

пәленшеден жаралған (әкесін айтады), пәленшеден туған (шешесін айтады) пәленше қызды (қызды айтады) халал жұптылыққа қабыл көріп алдыңыз ба?

Қызға айтқанда да бәрін осы қалыпта айтып, аяғында «пәленшеге халал жұпты болдыңыз ба?»— дейді (А. Байтұрсынов).

Осы сөздерде келтірілгендей жігіт те, қыз да жұпты болғандығын өз аузымен мақұлдайды. Сонан кейін екеуі де неке суын ішеді. Бұдан кейін олардың некесі қиылып, ерлі-зайып адамдар болып саналады. Үлкендер жақсы тілек тілеп, қол жайып бата береді.

ЛАУ (ылау)

Лау (ғұрып, дәстүр). «Атшабар келді лепілдеп, «Ояз шықты, сияз бар»: «Ылау» деп, «үй»— деп дікілдеп (Абай). Бұрынғы кездерде лауазымды адамдар немесе көліксіз кісілер әр ауылдан лау мініп, яғни жұрттан көлік алып жететін болған. Лауға ат, арба, түйе пайдаланылады.

МҮШЕ АЛУ

Мүше алу (салт, дәстүр). «Мүше алып қашып жегенден, Бозбала ерке қызға апар» (Ғ. Қайырбеков). Ой-

ын-тойда, мерекеде жас жігіттер атпен келіп, мүше сұрайды. Жеңгелері оған орамал, сақина, айна т. б. мүше береді. Алған жігіт оны ала қашады. Басқа жігіттер оны қуып, алып қалуға тырысады. Қашқан жігіт мүшені өзі ұнатқан қызға апарып береді.

ОРАЗА ҰСТАУ

Ораза ұстау (діни). «Ораза ұстап, намаз оқитын болындар!— деді» (*Ғ Мүсрепов*). Мұсылманның бас парызының бірі. Мұны ораза ұстау немесе «ауыз бекіту» дейді. Оразаның шарты бойынша ауыз бекіткен адам отыз күн күндіз тамақ ішпейді, әдепсіз сөз сөйлемейді, қиянат етпейді. Таңертең күн шықпастан бұрын сәресі (таңертеңгілік) күн батқан соң ауыз ашады. Ауыл адамдары ораза ұстаған адамдарға құрмет көрсетіп, жақсы тағамдар дайындап «ауыз ашарға» шақырады.

Ораза ұстаудың бірнеше жолдары бар. Кейбіреулер оразаның басында, ортасында, аяғында үш күннен ораза ұстауына болады. Шарифат (дін заңы) бойынша денсаулығы жоқ, бала емізген әйелдер, жолаушылар, балалар, есі дұрыс еместер оразадан босатылады. Оразаның алты түрі бар: 1. Парыз. 2. Уәжіп. 3. Сүннәт. 4. Мәндүп. 5. Нафила. 6. Мәкру» («*Мұхтасар*» 137-бет). Кәмелетке толған әр мұсылман ораза ұстауға міндетті.

ӨСИЕТ АЙТУ

Өсиет айту (дәстүр, ғұрып). «Үзіліп барма ма, жоқ арыз, өсиет айтамын деп әлсіреді ме, білу қиын» (*М. Әуезов*). Белгілі бір адамның жасы жеткенде немесе жан жеткенде немесе жан тәсілім алдындағы кейінгі ұрпақтарына, туған-туыстарына айтып кететін ақыл, кеңесі, өтініші немесе соңғы тапсырмасы. Дәстүр бойынша кейінгі адамдар айтылған өсиетті бұлжытпай орындауға тиіс.

ПІТІР БЕРУ

Пітір беру (діни ғұрып). Жыл сайын ораза, айт кезінде мешітке арнайы апарып, әр адам ата-бабаларына т. б. әруақтарға бағыштап құран оқытып берілетін садақасының бір түрі. Пітір беру діншілдік емес, ол тірілердің әруақтарға деген құрметі.

САЛ-СЕРІЛІК

Сал-серілік (дәстүр). «Баласы Қожағұлдың Біржан салмын» (*Біржан сал*). «Лақабы — әлде әулие, әлде пері, Арканың атақтысы Ақан сері» (*Т. Жансүгіров*). Сал-серілік — қазақ халқы мәдениеті мен өнерінің жарқын белгісі, биік шыңы. Ақындық, сазгерлік, әншілік, орындаушылық, адамгершілік, мәрттік, жомарттық, пәктік, зор абырой тағы басқа ең ізгі қасиеттердің бәрі осы салтты мұрат тұтқандар бойынан табылған. Бұл ерекше екі тұлғаның бір-бірінен аз да болса ерекшеліктері бар. Осындай аса талантты, бір өзі бір театрдың қызметін атқаратын — сал, ерекше, әрі қымбат, әсем киінген, жүріс-тұрысы, ісі мүлде бөлек дүние, мал-жанын осы жолда аямайтын мәрт, жомарт жан. Оның киімдері, кісі таңданарлықтай басқаша үлгіде тігілген. Сән-салтанаты басқа, ер-тұрманы да сұлу, әрі сымбатты, әшекейлі. Қоржыны толған қымбат мата, бұйым. Сал сол бетімен қызды ауылдың сыртына келіп, аттан құлап жата береді. Оны ауылдың қыз-келіншектері жиылып барып, орнынан тұрғызып, қошаметтеп үйге түсіруі қажет. Салдың қоржынындағы әлгі мол бұйымдарды қыз-келіншектер қыл үстінен бөліп алады. Оған сал бір ауыз сөз айтпайды. Салт солай. Сал халықтың еркесі, қызығы, думаны. Сұлу қыздың аулына келіп тілегі, арманы орындалса, яғни, сол қызды алатын болса, ол барлық асыл киімін, күміс ер-тоқымын, астындағы атын жұртқа беріп, өзі ауылына жаяу қайтады.

Сері де сал сияқты әнші, күйші, ақын, өнерпаз. Оның киім киісі сұлу да сыпайы. Осындай өнердің сыртында ол сұлу сүйген, жүйрік баптап, құс салатын, әрі аңшы, саятшы, әрі мерген, әрі палуан, әрі шешен, әрі шебер, қысқасы халық сөзімен айтқанда «бір сырлы, сегіз қырлы» аса биік тұлғалы азамат. Мысалы атақты Сегіз сері осындай жігіт болған.

Сал-серілік екінің бірінің қолынан келе бермейді. Оған үлкен өнер, қазына, мол байлық керек. Олардың жүрген жері той, думан, қызық, мереке болғандықтан ел-жұрт өздерінің серкесі, еркесі, мақтанышын шапан жауып көтермелеген. Сал-серілерді Әз Жәнібек, Абылай хандардың өзі жоғары бағалаған, құрмет көрсеткен. Ақан сері, Біржан сал, Шерке сал, Дәурен сал, Нияз сері, Толыбай сал, Сейіткерей сері сияқты аты халық арасында мәңгі ұмытылмастай болып қалған ер-азаматтар көп болған. Сал-серілер туралы Шоқанның,

Ә. Марғұланның, С. Мұқановтың, І. Жансүгіровтың т. б. тамаша еңбектері мен шығармалары бар.

САДАҚА БЕРУ

Садақа беру (дін салт). «Садақаны сауда бер» (мақал). Жетім-жесірге, қаріп-қасірлерге, немесе дін жолына ақшалай, заттай берілетін құдайы. Садақа беруші адам өзінің, үй-ішінің амандығына қол жайып бата тілейді және «батаңыз қабыл болсын» деп бет сипайды. Мүсәпірлерге қайыр садаққа беру әр мұсылман баласы үшін міндетті болып саналады. «Садақа берсеңдер — құдайға құлшылық етіп, ешқайда шықпайтын, алыстап ешқайда бара алмайтын жоқ-жітікке беріңдер». («Құран кәрім»). «Садақа бергеннен пенденің малы кемімейді». (Мұхамбет пайғамбар).

САЛБУРЫН

Салбурын (салт). Бұл аңшылық термин. Аңшы, саятшы жігіттердің топ болып, бірнеше күн бойы аңға шығуын «салбурын» деп айтады. Мұны аңшылық мерекесі десе де болады. Мұнда алған аң бәріне бірдей тең бөлінеді. Ауылдағы ақсақалдардың жолы бөлек есептеледі. Салбурын аңшылардың ерлігі мен ептігін, азаматтығын сынайтын жол.

САУҒА

Сауға (ғұрып). «Би кесімі тым қатал болса қасындағылардың біреуі «сауға, биекел!»— деп қалатын ғұрып бар». (Ғ. Мүсірепов). Ертеде өлімге, немесе ауыр жазаға кесілген адамға сауға, яғни кешірім, бостандық немесе жеңілдік сұрайтын дәстүр болған. Бұл негізінен адам басын өлімнен, өте ауыр жазадан аман алып қалу үшін жасалған. Мұны беделді, сөзі өтетін адамдар ғана сұрай алған, және ол көп жағдайда беріліп отырған. Сауға сұрап алған адам да өз жолынан жығылмай тісті адамның құнын, шығынын өтеп, екі елді бітімге келу жолына шақырған. Аханның әкесі Ақтас пен Байтұрсынды айдап апара жатқанда Арғын Жылқыайдар, Қоғылбай деген кісілер жасауылдардан сауға сұраған.

Сауға — негізінен бітім, бірлік, татулық жолына қызмет етеді.

САУМАЛЫК

«Саумалық» (ырым). Наурыз туып, жер көктеп, күн жылынғанда өлеңмен айтылатын дәстүрлі тілек. Бұл кезде әр адам, от басы мүшелері:

*Саумалық, саумалық
Жаңа келген жақсылық
Жаңа келген береке
Жаңа келген мереке.
Көрмедік пе,
Көрдік пе?
Саумалық, саумалық
Сүт көп, көмір аз,
Өмір көп өлім жоқ —*

деп тілек тілеп, бата жасайды.

САУЫН АЙТУ

Сауын айту (ғұрып. «Мырза өз әкесі Өсекене ас берем деп, Көкшетауға сауын айтып елді жиды ғой» (М. Әуезов). Бір елде ас, үлкен той болатын болса, ол күні бұрын (бірнеше ай, жыл) жан-жаққа хабарланып сауын айтылады. Бұл жәй шақыру емес, әр ел салт-дәстүрмен яғни батыр, палуанымен, жүйрік атымен, ақын, жыршысымен, сойыс, сабасымен келсін дегенді білдіреді. Және асқа, тойға келгендер де бір-бірінен асып түсуге тырысады. Өзінің әйгілі «Құлагер» дастанында І. Жансүгіров былай деп толғайды:

*«Сан сойыс Сағынайдың бұл асына
Мал қайдан келіп жатыр расында?
Жан-жақтан топ-тобымен төгіліп мал,
Көтерген малын керей үй басына.
Мал айдап жан-жақтан жұрт оннан, бестен,
Көп саба келіп жатыр елдей көшкен...»*

Сауын айтудың екінші жағы оның көптің күші мен малы арқылы атқарылатындығында жатыр. «Жиынға қымыз әкелгендердің ыдысына сойылған малдың жіліктерін салып жіберу ырымы болған» (С. Мұқанов).

САУЫН АЛУ

Сауын алу (салт). «Ердің күйін сұрама, Жұрттан сауын сауған соң» («Ел аузынан»). Малы жоқ адамдар ауқатты адамдардан сүтін пайдалану үшін «сауынға» деп белгілі бір мерзімге сауа тұратын бие, немесе сиыр сұрап алады. Сауын алушы өз алған малының төлімен аман әкеліп тапсыруына кепілдік береді.

СӘЛЕМ БЕРУ, СӘЛЕМ ЕТУ

Сәлем беру (салт). «Төле би тоқсан жасқа келгенде Қаз дауысты Қазыбек сәлем бере барыпты» (*Ел аузынан*). Алыс жолдан келген жолаушы, немесе сол елдің адамы ауыл ақсақалдарына, немесе белгілі адамдарға әдейі іздеп келіп сәлем беру, қалыптасқан ұлттық дәстүріміз. Кейде «алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы шал сәлем береді» дегендей жөн білетін үлкен дердің өзі барып сәлемдесетін де жол бар. Егер сәлем ер адамға қатысты болса «сәлем берді» деп айтылады.

2. Сәлемнің басқа түрі де бар. Мысалы сыйлы ата, ене, қайынағаларына кездескенде, көргенде келіні оларға иіліп сәлем қылады. Үлкен кісілерден табақ қайтқанда да келін сәлем ету керек. Ондайда біреу «келіндеріңіз сәлем істеп жатыр» деп хабарлайды. Үлкендер оған риза болып, батасын береді. Келіннің сәлем етуі әдептілік пен сыйлаудың белгісі ретінде қабылданады. Сәлем әйел адамға қатысты болса оны «сәлем етті» дейді.

3. Сәлем қылудың тағы бір өзгеше түрі де бар. Егер бір адамның мойны құяң болып, басын бұра алмай қалса, онда ол кербез адамның сыртынан сәлем қылуы керек. Халық ұғымы бойынша құяң сонда жазылып кетеді деген сенім болған. Мұндай сәлем қылудың аяғы көңілді күлкіге жалғасып жатады.

СҮЙІНШІ

Сүйінші (салт). «Сүйінші келінінің келеді деп, Әдеппен қол қусырып сәлем берді» (*Наурызбай-Қанышайым жырынан*). Қуанышты хабар жеткізуші адам «сүйінші-сүйінші» деп келеді. Мұндайда қуанышты үй иесі «қалағаныңды ал» дейді. Немесе оған риза болатындай сыйлық ұсынады. Бұл қуанудың, ризалықтың белгісі. Сүйінші сұраудың да, оның сүйіншісін алудың да ешқандай сөкеттігі жоқ.

СҮНДЕТТЕУ

Сүндеттеу (салт). «Ғәм оның атқа мінер сүндет тойы, Тойға сойған үйінің жылқы, қойы» (*С. Торайғыров*). Алты-жеті жасқа толғаннан кейін еркек баланы сүндетке отырғызады. Бұл мұсылман елдерінде ғана емес басқа діндегі елдерде де бар. Сүндеттеудің денсаулыққа, тазалыққа да пайдасы зор. Баланы сүндеттеу үлкен рәсім. Ол әр ата-ананың борышы. Бұл рәсімнің «сүндет

тойы» деген сияқты жөн-жоралары болады, «қайырлы болсын» айтылып шашу шашылады. Сүндет міндеті бұрын қожа, молдаларға ғана тапсырылса, қазір оны дәрігерлер де жасай береді.

СЕЛТ ЕТКІЗЕР

Селт еткізер (салт). «Ұйқышар» дайындап өздеріне қызмет етіп, құрмет еткен, көңілі қалаған қыздарға жігіттер жеңіл-желпі ескерткіш, сый-сияпат ұсынады. Мұны «селт еткізер» деп атайды.

СЫҢСУ

Сыңсу (салт). Ұзатылатын қыздың аттанар алдындағы ата-анасымен, жақын бауырларымен, туған-туысқандарымен қоштасу жыры «Сыңсу» деп аталады. Жырды қыздың өзі, немесе белгілі ақындар жазып береді. Көбіне жырдың бұрынғы жаттанды түрлерін қолданады. Осы жыр арқылы қыз өзінің жат жұртқа кеткен шерін, мұңын айтады.

*Қарағай шаптым, жаңқасы-ай,
Бұлғақтап менің өскенім
Бағлан қойдың марқасы-ай,
Әкекемнің арқасы-ай!
Жеңешем келді қасыма,
Орамал салды басыма
Жеңеше деп жүргенде
Көрсеткен сыйың осы ма?
Базардан келген көк кебіс
Өкшесі биік теп-тегіс
Енді айналып келгенше
Қош есен бол теп-тегіс.*

Қыз осылайша сыңсып жатқанда жанындағылары оған жұбату өлең айтады.

*Жылама, бикем, жылама
Көзіңнің жасын бұлама.
Ұл боп тусаң әуелден
Сені мұндай қыла ма?...*

Сыңсудың да, жұбатудың да тәрбиелік маңызы өте зор.

СЫРАЛҒЫ

Сыралғы (дәстүр). «Батырдан-сауға, аңшыдан-сыралғы» (мәтел). Олжалы, қанжығасы қанданып келе жатқан аңшыдан немесе саятшыдан кездескенде сұра-

латын жол. Мэрт аңшылар мұндайда «сыралғы» сұрағанның сөзін жерге тастамайды.

СІРГЕ МӨЛДІРЕТЕР

Сірге мөлдіретер (дәстүр). «Бие ағытар күні берілген кымызды «сірге мөлдіретер»— дейді (ҚСЭ. 7-том. 100-бет). Бұған ауылдың ақсақалдары мен аналары, ел-ағалары шақырылады, олар риза болып, алғыс айтып, бата береді. Кей жерлерде мұндай дәстүрді «сірге-жияр» деп те атайды.

СЫБАҒА

Сыбаға (дәстүр). «Үйіме қонып, әкеңнің сыбағасын жеп кет,— дейді» («Ел аузынан»). Құрметті қонаққа, немесе өздерінің жақын-жуығына арнап сақтаған кәделі ет мүшелері сыбаға деп аталады. Айталық ақсақалдарға, құдаларға т. б. жолы үлкен адамдарға сыбаға әдейі сақталады. Бас, жамбас, ірі малдың белдеме омыртқалары сыйлы мүшелер болып саналады. Сол сияқты құдаларға, құдағиға жая, жамбас, қыздар мен күйеулерге төс, балаларға құлақ, бүйрек сияқты лайықты сыбағалары болады. Өзі келе алмайтын қарт адамдардың сыбағасын беріп жібереді. Үлкен адамдарға жамбастың шұқыршағы (ірі малдың) жауырын, кәрі жілік асылмайды. Қыздарға кәрі жілік, өкпе берілмейді. Жалпы қол жіліктері құрметті адамдарға тартылмайды. Мысалы атақты Шернияз ақынның әйелі үйде жоқта қонақ келіп, ақынның қызы кәрі жілік асып беріпті. Оған қонақ қатты ренжіпті. Сонда Шернияз

*Қонағым, бала білмей қол асыпты,
Асса да бала қолды мол асыпты.
Дүниеге қолдан бұрын сан келмейді;
Қол асып бала саған жол ашыпты —*

деп қонаққа басу айтқан екен.

Қазақ дәстүрі бойынша әр адам жолаушы өзі қонатын үйде сыбағам бар деп санаған. Тиісті сыбағасын бермесе қонақ ол үйді сынап, өкпесін айтып кетуге хақы бар.

СЫЙЫНУ

Сыйыну (діни ұғым). «Сүйендім абақтының шарбағына, сыйындым атам Қазыбек әруағына» (Мәди). Әруаққа, тәңірге, пірге және басқа да күш пен сенім иесіне

сыйыну түркі халықтарының ежелгі дәстүрі. Мұнда әр адам жауға шапқанда, қиын сапар жолында немесе жәйшылық, тыныш өмірде де, үлкен күшке сыйына береді. Әсіресе, палуандар, мергендер, мен аңшылар, қарт адамдар, тағы басқа әр іске талапкерлердің көбінесе әруаққа сыйынатын әдеті бар. Малдың да, жанның да сыйынатын пірлері бар. Мысалы, аурулар дерт несі Лұқпанға, әйелдер Бибі Фатима анасына, жас батырлар Қабанбай, Бөгенбай, әруағына сыйынады. Малшылар төрт түлік пірлері Қамбар атаға, Ойсылқараға, Зеңгібабаға, Шопан атаға, Шекшек атаға сыйынып, жұмысына кіріседі. Сыйыну адамның сенім күшін, қабілетін арттыратын құпия құбылыс.

СОНАР

Сонар (дәстүр). «Қан сонарда шығады бүркітші аңға» (*Абай*). Бұл аңшылар үшін өте қызықты сәттердің бірі. Қыстың тынық күні ұлпа қар жерге түскенде жүрген аңның ізі тайға таңба басқандай анық көрініп жатады. Аңшылар бұл күнді асыға күтіп жүреді де, ізіне түскен аңды құтқармай соғып алады.

ТАЛАҚ

Талақ (дін жолы, ғұрып). Әйтеуір ол маған қатын болмайды. Талақ болсын! Талақ! Талақ! (*М. Жұмабаев*). Әдет бойынша әйелінен айрылысқан ері оны «талақ» етеді. Мұндай жағдай көбінесе әйелі ерінің «көзіне шөп салса» (жеңіл жүріс жасаса) тағы басқа жат істер болғанда қолданылады. Күйеуі «талақ» деген сөзді үш рет қайталаса, неке бұзылған, яғни айрылысқан деп есептеледі. Бірақ, талақ болған әйелдің белгілі бір уақытқа дейін күтуге хақы бар. «Әйел талақ етілді, олардың күтетін мерзімі де орындалды, егер осыдан кейін ерлі-зайыптылар ойланып, шарт бойынша бірге өмір сүруге келісіп, жарасып жатса, онда оның қайта қосылуына кедергі жасамандар» (*Құран кәрім*). Шарифат заңы осындай. Егер талақтан кейін екеуі кешірім жасап қайта қосылатын болса, онда олардың некесі қайта қиылады. «Ері әйелін үшінші рет талақ етсе, онда әйел басқа біреуге тиіп шықпайынша, (қайта қосылуға) рұхсат етілмейді». (*Құран кәрім*).

ТАСАТТЫҚ

Тасаттық. (*Діни ғұрып*) Бұл арабтың «тасалдық»— құрбан шалу деген сөзінен шыққан. Бүгін Исабай ауылы «Көк моланың» басына жиналып «тасаттық» берген білем» (*Б. Майлин*). Құрғақшылық болып жаңбыр жаумай, шөп шықпаған жағдайда халық ортадан мал шығарып тәңірден жаңбыр тілеп «тасаттық» жасаған. «Тасаттық» былай жасалады. Көпшілік жиналып ортадан мал шығарып, оны қорым басына, өзен жанына апарып сойып, асып, пісіріп жеп, құран оқып, тәңірге жалбарынып жауын тілейді. Қарттардың айтуынша осыдан кейін көбінесе жаңбыр жауған кездер де болған. Бұл салт қазір де бар.

ТАСБОРАН

Тасборан (заң жолы, ғұрып). «Тәңірге тіл тигізген адам егер мұны жеті куә растаса, тас лақтырылып өлтіріледі» (*Әз Тәуке ханның «Жеті жарғы»— заңынан*). Бір адам ел-жұртына сатқындық жасаса немесе әйелі еріне опасыздық жасаса, немесе ел-жұрт естімеген, көрмеген қылмыс жасаса, айуандықпен жазықсыз адам өлтірсе т. б. өте ауыр қылмыстары үшін ол «тасборан» арқылы өлім жазасына кесіледі. Яғни өлімге бұйырылушының аяқ-қолын байлап жұрт алдына әкеліп, оған қатысқан барлық адам колына бір-бір тас алып, қылмыскерді сол таспен ұрып өлтіреді. Мысалы Құнанбай Қодар мен Қамқаны өлтіргенде осы «тасборан» заңын қолданған.

ТӘБӘРІК

Тәбәрік (ғұрып). Біреу ойын-тойда бәйге, жүлде алса немесе құдалық салт-дәстүрде кәде алса одан жанындағыларға үлес беруі керек. Мұндайда жұрт одан «тәбәрік бер» деп сұрап алады. Олжалы адам әдет бойынша тәбәрік беруге міндетті, бермеуі ұят, сараңдық, дәстүр сыйламағандық болып есептеледі.

ТОЙ

Той (салт). «Тайға міндік, тойға шаптық» (*Абай*). Той бала туғанда, келін түскенде, бала сүндеттегенде т. б. қуанышты кездерде жасалатын салтанат. Мұнда да жоғарыда айтылған «Ас берудегі» дәстүрлер жаса-

лады, бірақ көлемі, шығыны жағынан шамалас, не кіші болуы мүмкін. Бұған да көп адам жиналып, өнерлілер бәсекеге түсіп, тиісті бәйгесін алады. «Той дегенде қу бас та домалайды» дегендей оған жақын жердегі адамдар тегіс қатысуға тырысқан. Бала сүндеттеу, бала туу, келін түсіру, наурыз, айт күндері, жаңа жыл, Жеңіс күні, Республика күні, Әйелдер күні, 1 мамыр той, мереке қатарына жатады.

ТОБЫҚ ЖҰТУ

Тобық жұту (ырым). Халықта қоян тобығын жұту ырымы ежелден бар дәстүр. Оның шарты тобықты жұтушы жас адам жұтар алдында

*Батыр болсам жүрегімнен шық,
Палуан болсам білегімнен шық,
Шешен болсам таңдайымнан шық
Бақытты болсам маңдайымнан шық —*

деп, серттесіп барып жұтады. Халық ұғымында тобық қасиетіне қарай әлгі адамның айтқан жерінен шығады деген түсінік болған.

ТОБЫҚ ТЫҒУ

Тобық тығу (дәстүр). Бұл серттесіп ойнаудың бір түрі. Мысалы, жігіт пен қыз тобық тығып алтын сағатқа серттеседі. Бір жылдан кейін бе, бес жылдан кейін бе, тобықты тығуға алған жігіт кез келген уақытта, кез келген жерде қыз «тобығымды бер» деген жерде қолына ұстата беруі керек. Егер жігіт тобықты тауып бере алмай қалса — уәде бойынша сағат алып беруі керек. Егер тауып берсе, қыз оған алтын сағат алып береді. Бұрын мұндай ойындар ел арасында көп болған. Бұл ойын ұқыптылыққа, бір сөзділікке тәрбиелейді.

ТОЙБАСТАР

Тойбастар (дәстүр). Тойды өлеңмен бастағаны үшін жасалатын сый. Ол өлең де «тойбастар» деп аталады. Тойдың кешкі ойынын өлеңмен бастайды. Сонда айтылатын өлең «тойбастар» деп айтылады (А. Байтұрсынов). Тойдың сәні «тойбастарды» әнші жігіт, не қыз бастайды. Той бастағаны үшін жігіт, (не қызға) той иесі рахмет айтып, «тойбастар» яғни сый-сияпат ұсынып, құрмет көрсетеді. «Тойбастарды» бұрын елге белгілі ақындар мен әншілер бастаған. Мысалы, Баймағанбет

сұлтанның Ақыл деген қызы ұзатылғанда тойбастарды атақты Шернияз ақын бастаған. Ауыз әдебиетінде «Той-бастардың» көптеген жақсы үлгілері бар.

ТОҚЫМҚАҒАР

Тоқымқағар (салт, ырым). «Ертең ұлы дүбірге мені аттандырып, тоқым қағарын сен жасарсың — деді Сәкен (С. Талжанов). Жас жігіт алғаш жолға шыққанда жасалатын дәстүрлі бас қосу. Мұнда арнаулы мал сойылып, немесе сыйлы мүшелер салынып ет асылып, кең дастархан жасалады, ойын-сауық, өлең, жыр айтылады. «Алыс сапарға кеткен жігіттің тоқымы жерде қалмасын, ат-көлігі аман келсін деген жақсы тілек білдіруге байланысты шықса керек. (ҚСЭ. 11 том 89-бет. 1977 ж).

ТОПЫРАҚ ШАШУ

Топырақ шашу (ғұрып). Қатты жек көрген адамдары ат құйрығын кесіп кетіп бара жатқанда әбден көңілі қалған адамдар оның артынан топырақ шашатын әдет бар. Бұл «енді көрмейміз», қараң батсын деген қатты қарғыстың бір белгісі.

ТӨРКІНДЕУ

Төркіндеу (дәстүр). «Қыз кейде еліне төркіндеп келеді». («Ана тілі» газетінен). Мұның негізі төркін деген сөзден шыққан. Ұзатылған қыздың төркін жұртына арнаулы (ресми) түрде баруы төркіндеу деп аталады. Мұндай жағдайда қыздың барлық туған-туыстары оны қонаққа шақырып, құрмет көрсетіп, қалаған затын беріп риза етіп аттандыруға тиіс. Төркіндеу — әр қыздың парызы және ол бір-ақ рет төркіндеп баруға хақысы бар. Төркіндеудің халықтық, дәстүрлік маңызы зор және ол әйелдерге ғана тән ғұрып. Дәстүрімізде қыз төркіндеп, күйеу-қайындап, жиен-нағашылап барады.

ТҰСАУКЕСЕР

Тұсаукесер (дәстүр). «Тұсауынды кесейін, Күрмеуінді шешейін» (Тұсаукесер жыры). Сәбиді қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып, ырым. Ол үшін арнайы ала жіп дайындалады. Бұл ала жіп аттамасын деген ұғымнан шыққан. Сол жіппен баланың аяғын кәдімгідей тұсап оны аяғын жылдам ба-

сатын әйелге қидырады. Сүріншек, жайбасар адамдарға кестірмейді. Тұсауы кесілген баланы қолына ұстап тез жүгіртеді, шашу шашылады. Баланың ата-анасы тұсау кесушінің кәдесін береді. «Тұсаукесердің» арнаулы жыры бар. Мысалы:

*«Қаз-қаз балам, қаз балам,
Қадам бассаң мәз болам.
Тағы, тағы баса ғой,
Тақымыңды жаз, балам,
Қаз баса ғой, қарағым,
Құтты болсын қадамың!»* (Тұсау кесер жыры).

ТҰМАР ТАҒУ

Тұмар тағу (ырым). Бала, ересек адам ауырғанда молдаларға дұға жаздырып оны үшбұрыштап матаға не теріге тігіп баланың мойнына тағып қояды. Бұл пәле-жаладан, тіл, көзден, ауру-сырқаудан сақтайды деген діни ұғымнан туған. Тұмардың түрлері көп, оны кейде жас төлдерге, ауырған малға да тағады.

ТҰЛЫМ ҚОЮ

Тұлым қою (ғұрып).—«Сәрсек! Көңілге солай екен дұрыс та ғой, ләкинде шарифатта балаға тұлым қою дұрыс емес» (М. Дулатов). Баланың (ұл, қызды) кішкентай кезінде шашын өсірмей екі шекесіне екі шоқ шаш қояды. Мұны «тұлым» деп атайды. Тұлым көбінесе қыз балаға қойылады және ол сәбиге лайықты ғұрып.

ТҮЙЕМҰРЫНДЫҚ

Түйемұрындық (ғұрып). Ұзатылып келе жатқан қыздың жолда отырған ауылдың адамдары (жастары, әйелдері) атының ноктасынан, не түйесінің бұйдасынан ұстап тұрып сұрайтын кәдесі. Қыз оларға кәдесін жасайды, кәде алған риза болып, бақыт тілеп батасын беріп, жол болсын айтады.

ТҮС ЖОРУ

Түс жору (ғұрып). «А, құдай, осының түсін мен неге жорысам, сен соған қабыл қыл...» (Мәжһүр Жүсіп). Түс көру және оны жору түркі халықтарының ертеден келе жатқан ғұрпы, әдеті. Түс жору арқылы болашақты болжау және оған сендіре білетін белгілі адамдар, әулиелер

болған. Түстің жаманы да, жақсысы да болады. Бірақ жорушылар оны көбіне жақсылыққа жорыған. «Түсті көрушіден емес, жорушыдан» деген сөз. «Түсінде қорыққан өңінде қуанады» деген сөз де жақсы ойдан туған. Кейде «түс-түлкінің боғы» деп халық көрген түстің бәріне бірдей сене беруден де сақтандыра білген.

ТЫМАҚҚА САЛУ

Тымаққа салу (дәстүр). Ел арасында «шала туып тымаққа салып өсірген екен» деген сөздер жиі естіледі. Халықта әдетте шала туған сәбиді осылай өсіретін ғұрып бар. Оның себебі шала туған сәби ұстауға, бесікке салуға келмейді, тымақ жылы, әрі бөлеуге ыңғайлы болады. Және сәбидің неше күні кем болса, сонша күн керегенің әр басына ілініп қойылатындықтан күн кереге басы арқылы есептеледі. Мысалы: қырық күн кем болса, керегенің қырқыншы басынан кейін бала тымақтан алынып, әдетте жаңа туған баланың рәсімі жасала бастайды. Айталық, ат қою, бесікке салу т. б. (Егер бала қыста туса, онда үй қабырғасына бірнеше жерге шеге қағылып ілінеді.)

ТЫШТЫРМА

Тыштырма (ырым). Сәбиді бесікке салар кезде бесіктің түбек тұратын тесіктен құрт, ірімшік, тәттілер өткізіп, «тышты, тышты» деп ырым жасайды және оны «тыштырма» деп атайды. «Тыштырманы» әйелдер ырымдап бөлісіп алып, бала-шағаларына үлестіріп береді.

ТІЗЕ БҮГУ

Тізе бүгу (ырым). Шаруасымен бір үйге кірген әр адам сол үйге отыруы немесе тым асығыс болса бір тізесін бүгуі керек. Ертеден келе жатқан бұл ырым шаңыраққа деген құрметтің белгісі. Егер келген адам түрегеп тұрып шаруасын айтып үйден шығып бара жатса, онда үй иесі «тізеңді неге бүкпейсің, біздің үйдің сиыры түрегеп тұрып бұзауласын дейсің бе?»— деп өкпесін айтады.

ҰЙҚЫАШАР

Ұйқыашар (салт). Той, мереке (мыс: Наурыз, айт) алдындағы түнде қыз, келіншектер жігіттер ұйықтап қалмасын деп жақсы тағамдардан «ұйқыашар» деп тамақ дайындайды. «Ұйқыашар» да қыз, жігіттердің бір-біріне деген сезімі мен махаббатын арттыра түсуге себепші болған.

ҰШЫҚТАУ

Ұшықтау (ем, ырым). «Кәрі әжем естімейді нана берсін. Берейін өлеңменен шын ұшықтап» (*Абай*). Тамақтан, желден, иістен ұшынған адамдарды ұшықтау ертеден келе жатқан емдеу мен ырымның бір түрі. Мысалы, жығылған адамның бір жері қатты ауырып қалса, сол жерде «кет, пәлекет, кет!», «Ұшық-ұшық» деп ұшықтайды. Немесе ауруды күн батар алдында «жер ұшық» беріп, яғни жерге екі-үш рет жығып ұшықтап, үйге әкеліп жылы жауып тастайды.

ҮШКІРУ

Үшкіру (емдеу, ырым).—«Үшкірсе кейде ашылып қалады. Үшкірген жағады» деді (*М. Әуезов*). Халық арасында жеңіл-желпі ауруды бұрын емшілер мен молдаларға үшкіртетін ырым бар. Үшкіру де емдеудің бір тәсілі. Емші дұға оқып «сұф-сұф!» деп үшкіреді. Емшіге орамал (яғни зат, ақша, мал береді) беріледі.

ШАРҒЫ

Шарғы (дәстүр). Ұзатылған қыз өзіне таяу сіңлісіне басына тартатын орамалын береді. Бұл «ендігі кезек сенікі, бақытынды тап» деген сөз. Мұны біздің ана тілімізде «шарғы» деп атайды. «Шарғы» салынған қызға жеңгелері, замандастары бас қосып келіп, жақсы тілек білдіріп шәй ішеді.

ШАШУ

Шашу (ғұрып). «Ханымдар Қанышайымға келген жерден, шашуға құрт орнына ділдә шашты» (*Наурызбай-Қанышайым*). Шашу-қуаныш айғағы ретінде жасалатын өте сұлу да, салтанатты дәстүр. Келін түскенде, жақсылық күндерде, алыс сапардан жолаушы келгенде,

құда келгенде тағы басқа зор қуанышты күндерде әйелдер күрт, кәмпиттен, күміс теңгеден шашу шашады. Шашылған шашудан тойға қатысушылар теріп алып, ырым қылып балаларына апарып береді. Шашуды әйелдер ғана шашады.

ШАШЫРАТҚЫ

Шашыратқы (ырым). «Әлгі бәйбіше үйіне келіп, қатындарға шашыратқы береді» (Ә. Диваев). Бұл күзде қошқардан күйек алынатын кезде жасалатын ырым. Қошқарды саулықтарға қосып, мал иелері жақсы тілек тілеп, оның үйіне қойшылар жиналып, мәре-сәре болады. Үй иесі әйел келгендерге тағам береді, ол «шашыратқы» деп аталады. Мұны малшы ауылдың дәстүрлі еңбек мерекесі десе де болады.

ШІЛДЕХАНА

Шілдехана (дәстүр). «Сәрсенбай зор қуанышта болып, шілдеханаға қанша қыз-бозбала жиып... баланың есімін Жамал қойып еді» (М. Дулатов).—«Аманжол Атекем аулына шілделікке кеткен» (С. Көбеев). Кей жерлерде шілделік деп те атайды. Жаңа туған нәрестенің құрметіне жасалатын ойын-сауық, той. Мұнда «баланың бауы берік болсын» дегендей құтты болсын айтылады, жастар жиналып ән салып, домбыра тартып, өлең жыр айтады. «Шілдеханаға» шақырумен де, шақырусыз да бара береді. Шілдехана — өмірге адам келгеннің және оған қуанудың бір белгісі.

Осы жерде жаңа туған сәбидің «жолдасы» туралы айтпай кетуге болмайды. Бұрынғы әжелер баланың «жолдасын» алып, жуып, орап оны аяқ баспайтын, ит-құс ала алмайтын жерге қастерлеп көмген. «Жолдасты» жуған адамға кәде беріледі. Егер «жолдасы» елеусіз тасталса әйел ауруға ұшырайды деген сенім бар. Сол сияқты әйел ылғи қыз туа берсе, онда туып жатқан баланың «жолдасын» алып, босанған әйелдің басынан айналдыратын да ырым бар. Сонда келесі ұл болып туады деген сенім болған. Халықтың мұндай салт, ырымдарының бәрін жоққа шығара беруге болмайды.

ШІДЕРГЕ СИГІЗУ

Шідерге сигізу (ырым). «Шідерге симеген неме!» (сөгіс). Қазақ халқы бала 4—5 жасқа толғаннан кейін, сүндеттеу, ашамайға мінгізу, тігін тігу, жүн түту сияқ-

ты еңбекке баулып, ұлттық әдет-ғұрыптарды түсіндіріп, оны жүзеге асыра бастайды. Соның бірі еркек балаларды шідерге сигізу. Бірнеше адам бас қосып балаға «сен енді азамат болдың, шаруаға ыңғайлы бол» деп бата беріп, алдына шідер тастап, оғаң сигізеді. Бұл ырым бала еңбекқор, малжанды, іске бейім болсын деген тілекпен жасалады. Шаруаға икемсіз жігіттерді «шідерге симеген» деп күстаналайды, ұрсады.

ШӨП БАСЫН СЫНДЫРУ

Шөп басын сындыру (ырым). Бұл әдетте жақсылық жағдайда, іске байланысты жасалатын ырым. Мысалы сарандар жомарттық жасаса, қорқақтар батылдық жасаса немесе жұрт өзінен күтпеген жерден біреулер жақсы істер жасаса, естіген адам «мынау бір шөп басын сындыратын іс екен» деп жерден шөп алып сындырады. Бұл көз, тіл тимесін деген ұғымнан шыққан.

Бірақ бұл әдетті «шөп басын сындырмайды» деген фразеологиялық тіркеспен шатастыруға мүлде болмайды. Бұл сөз жұмыс істемейді, бос жүреді дегенді білдіреді.

ЫРЫМ

Ырым (ғұрып). «Содан әке-шешесі ырым көріп, жақсы үмітпен қадірлі қонағының есімін қойған дейді» (А. Сейдімбеков). Ырым халықтың жақсы ниетінен туған ғұрып. Ырым жолдары мен түрлері өте көп. Мысалы шешен болсын деп аузына түкіру, отаншыл болсын деп туған жерге аунату, сондай болсын деп батырдың сарқытын жегізу немесе оның атын қою сияқты ырымдар бар. Мысалы Шыңғыс Шоқанға ырымдап Сегіз серінің (Мұхамед-Қанапия) атын қойған. Абай, Абылай, Бауыржан, Сәкен, Қаныш сияқты есімдерін қазір де ата-аналары өз балаларына ырымдап қойып жүр. Той, келін түсіруде балаларды осындай қуанышқа жетсін деп нан, бауырсақ, кәмпит алып, оны апарып береді. Ырым, Ырымкүл деген ұл, қыз аттары да осы ғұрыппен қойылған. Халықта жасы 100-ге жеткен адамның киімін, ұстаған затын осындай жас берсін деп үлестіріп, бөліп алу салты бар. Сол сияқты баласы тұрмай жүрген адамдар баласына Күшік, Итбай, Итемген, Көтібар, Көтен, Малай, Башай, Терісаяқ дегендей қолайсыз ат қойса, өмірлі болады деп ырымдаған. Жалпы айтқанда ырым-халықтың сенімі мен ақ ниетінен, шын көңілінен туған ұлттық ерекшеліктің бір саласы. Сөйте

тұра кейде халқымыз «Қазақ ырым етеді, ырымы қырып кетеді» деп те айтып жібереді. Бұл сөз-ырымның бәрі бірдей орындала бермейтінін ескерткені деп түсіну керек.

ІЛУ САЛУ

Ілу салу (дәстүр). Жаңа түскен келінді барған жерінде үйін көрсету әр ағайынның міндеті. Мұндайда жас келін шақырған үйге дәстүр бойынша ілу салады. Мұның мағынасы көйлек, кілемше тағы басқа киім-кешек, мата апару деген сөз. Күйеу де қайын жұртына барғанда ілу салады.

ІШІРТКІ

Ішірткі (діни ем). «Ақ шыныаяққа ішірткі қып, мынаны жазып ішкізді» (С. Торайғыров). Халық емшілері, молдалар дұға жазып беріп, оны ауруларға суға езіп ішкізеді. Мұны ішірткі дейді. Ішірткіні емшілер адамды сендіру арқылы емдеуге пайдаланғанға ұқсайды.

ҚАЗА ҒҰРЫПТАРЫ

ЕСТІРТУ

Естірту (салт). «Хабаршылар Ғалидің үйіне, Жамалдың үйіне кісі салып естіртті» (М. Дулатов). Ата-анасы, баласы немесе жақын-жуығы қайтыс болған жағдайда оны айтып жеткізуді «естірту» дейді. Естіртуші адам әлгі кісіге сыпайылап, тұспалдап жеткізіп, тоқтам айтып, оны бекем болуға шақырады. Қайғылы қазаны орынсыз жерде немесе жол-жөнекей, жеңіл-желпі айта салуға болмайды. Халқымызда естіртудің үлкен философиялық, классикалық үлгілері бар. Мысалы «Жиреншеге Қарашаш сұлуды естірту», «Шыңғысқа Шоқан өлімін естірту», «Абылайға Бөгембай батырдың өлімін естірту» сияқты. Естірту қазаға байланысты жерде ғана қолданылады.

*Ұлы өлмеген руда жоқ,
Қызы өлмеген Қырымда жоқ,
Қатыны өлмеген халықта жоқ,
Ағасы өлмеген аймақта жоқ
Інісі өлмеген елде жоқ,
Әкесі өлмеген әлемде жоқ,
Шешесі өлмеген пенде жоқ,
Аққу ұшып көлге кетті
Дуадақ ұшып шөлге кетті,
Күдай сізге бір гауһар тас беріп еді,
Оны иесі өзі әкетті.
Шоқан деген балаңыз
Бәріміз баратын жерге кетті...*

Жандос ұлы Қелдібек Шоқан өлімін Шыңғысқа осылай естіртіпті.

КӨҢІЛ АЙТУ

Көңіл айту (ғұрып). «Төңіректегі халық естіген беттерінде көңіл айтуға топырлап келіп жатыр» (Т. Әбдіков). Жақын адамы қайтыс болғанда оның жақын-жуығы мен таныстары, іліктері қазалы үйге әдейі барып бата жасап, көңіл айтады. Көңіл айтудың мәні-мұнды адамды жұбату, сергіту, «өлгеннің артынан өлмек жоқ» деп уайымға берілмеу жөнінде жанашырлық ақыл-кестестерін айтып қайрат береді. Қайғыға берілген адам-

ды кейбір өткір шешендер әрі мінеп, әрі сынап, әрі ұрсып тоқтатқан. Мысалы, Бағаналы Ерденнің баласы өлгенде басын көтере алмай қалғанда Таз Шоқай би былай деген сөен:

*«Уа, Ерден!
Басыңды көтер жерден!
Осы балаң өлмегенде
Кетіп едің керден
Өзі беріп, өзі алды
Нең бар еді құдайға берген?!
Балаң түгілі
Әкең Сандыбай да өлген.
Оны Шоқай көрген.
Жақсының басына іс түссе
Бойлай береді
Жаманның басына іс түссе
Ойлай береді
Көкті бу көтереді,
Жүйрікті ду көтереді,
Жүкті нар көтереді
Өлімді ер көтереді.*

ЖОҚТАУ

Жоқтау (дәстүр). «Сен жоқтау айтқалы отырсың, мен тоқтау айтқалы отырмын» (*Байдалы би*). Қайтыс болған адамның жақсылығын, еліне істеген қызметін, жақсы қасиеттерін паш ететін тұрмыс-салт дәстүрі, жыры — зарлы өлең. Жоқтауды белгілі ақындар, немесе сол адамның әйелдері мен апа-қарындастары да шығара беретін болған. Жоқтаудың дінге қатысы жоқ, ол қалыпты халықтық әдет-ғұрып, өлімнің берік салты деп ұғыну керек. «Боздағым» атты қазақтың жоқтау жырларында (Алматы 1990 ж.) Бұхардың Абылай ханды жоқтауы (29-бет), Қаз Дауысты Қазыбек биді қызы Қамқаның жоқтауы (21-бет), Абай ұлы Әбішті әйелі Мағыштың жоқтауы (125-бет) сияқты жоқтаудың көркем үлгілері бар. Жоқтау тәрбиелік мәні бар, мәдениеттілік пен адамды бағалаудың бір белгісі ретінде қалыптасқан. Жоқтау өлген адамның жылына дейін айтылады. Жоқтау өлеңі көркем сөзбен жазылып, азалы, зарлы үнмен жырланады. Оның көркем үлгілері көп. Мысалы:

*Алты атасы бай өткен,
Алты атанға жүк артқан.
Жеті атасы бай өткен
Жеті атанға жүк артқан.
Үйде сұңқар түлеткен,*

*Қияда сұңқар тілеткен
Алтайы қызыл түлкі алған,
Қиядан барып теке атқан
Паршаны бөздей жырттырған,
Жібекті жүндей тұттырған.
Қонақ келсе қон деген
Қой семізін сой деген.
Шынжырлы жауға тарттырған,
Қайыңнан астау шаптырған,
Қаптатып жылқы жаптырған...
Айналайын әкежан,
Қараның болдың ханындай.*

(Кеңгірбай биді жоқтау).

*Қарайғанды ықтаттың
Қамысқа түскен жалындай.
Орта жүздің көркі едің
Қоңыраулы бұйра нарындай
Ағайынды жинадың
Алпыс үйлі ауылдай,
Орынды болдың орасан
«Мыңжылқының» қауындай.
Көпке пайдаң көп тиді
Көктемдегі жауындай.
Желінбей қалды жеңсігің
Жаңа піскен қауындай.
Өте шықты сұм жалған
Бәйге атының шағындай.
Адыра қалды ақ ордаң
Несіз қалған ауылдай.*

(Әйекені жоқтау).

ЖАНАЗА

Жаназа (діни ғұрып). «Әбіштің жаназасына Алматы халқы көп жиналды» (М. Әуезов). Қайтыс болған кісіні соңғы сапарға шығарып салу рәсімі. Жаназада өлген кісіге дәуір айналдырып, садақа беріп, құран шығарылады. Жиналған көпшіліктен «бұл кісі жақсы адам ба? деп сұрайды. Оған «жақсы адам» деген жауап беріледі. Сол сияқты «марқұмнан ешкімнің алашағы, берешегі жоқ па?» деп тағы да сұрайды. Алашағы бар адам сұрауға да, алуға да, кешіруге де хақысы бар. Оның ешқандай айып, ерсілігі жоқ. Шарифат заңында осылай қаралған. Жаназа адамға жасалатын соңғы құрметтердің бірі.

АМАНАТ ҚОЮ

Аманат қою (ғұрып). «Әбішті жерге, лахатка Майқан мен Өтегендер өз қолдарымен қойып жатып «Аманат», «Аманат!» десті. (М. Әуезов). Аманат қою «әзірше жерлеу» — деген мағынаны білдіреді. Марқұмды өз жеріне апаруда немесе қатты қыста, ауа-райының қолайсыз жағдайына байланысты өлік аманат қойылады да, кейін тиісті жеріне апарылып, қайта жерленеді. Мұндай жағдай қазақ арасында бұрын жиі болып тұрған. Мысалы, Абайдың сүйікті ұлы Әбдірахман аманат қойылып, артынан сүйегі еліне әкелінген.

БАТА ОҚЫР

Бата оқыр (ғұрып). «Бата оқырын қалай жасасын дейді» (М. Әуезов). Қайтыс болған адамға жақын-жуықтары мен ілік-жұрағаттары арнайы келіп бата қылады. Оның мәнісі — қайтыс болған кісінің әруағына жылқы, сиыр, қой сияқты сойыс әкеледі немесе қазіргі жағдайда ақша береді. Дұға оқытады. Бұл сыйласудың әрі қарасудың белгісі ретінде негізделген. Дәстүр бойынша адамы, туысы қайтыс болған адамдарға үйіне әдейі барып көңіл айтады, ет жақындары бата оқыр жасайды жақыны қайтыс болған адамды далада кездестіру үлкен ұят саналады. Мұндайда әлгі адамның өкпе айтуға хакы бар. Бата қылу — сыйластық пен адамгершіліктің, жақын көңілдің белгісі ретінде қалыптасқан ғұрып. Мысалы: М. Әуезов Құнанбайдың Бөжейдің бата оқырына барғанын: «Құнанбайдың үлкен үйі үш саба, бір ту бие, бір тай сойыс апарады. Және азаға салғаным деп Зере мен Ұлжан түйе апаратын болды» деп жазған.

ТОПЫРАҚ САЛУ

Топырақ салу (ғұрып). «Сен қалған отыз ұлдан едің Зәуреш, Бір уыс бұйырмады топырағың («Зәуреш»). Қайтыс болған адамды жерлеу кезінде топырақ салу мән-мағынасы зор ғұрып. Егер жақын адамдары қайтыс болғанда топырақ сала алмаса, ол үлкен арманда деп өкінетін болған. Дер кезінде келіп марқұмға топырақ салуы, салушы адамның көңілінің жақындығын, әруаққа ризалығын, қоштасуының белгісі деп бағаланады. Үлкен кісілер «бала-шағаларынан, жақындарынан, ту-

ған жерімнен топырақ бұйырса» деп тілек тілеп отырады. Топырақ салушылар марқұмға «топырағың торқа болсын» дейді. «Бөжейдей жұрт жоқтаған жанға топырақ салмай қалған жалғыз Құнанбай айналасы болды» (М. Әуезов).

ДҰҒА (ҚҰРАН) ОҚУ

Дұға (құран) оқу (діни ғұрып). «Там тұсынан өте бере атын аяндатып, дұға оқып, бетін сипағаны сол еді...» (А. Нұрманов). Марқұм болған өз ата-бабаларының, туған-туыстарының басына барып дұға оқып, еске түсіру зор адамгершілік парыз. Әр адамның ерте ме, кеш пе сол әруақтардың қатарына қосылатыны анық. Олай болса марқұмдарға құрметпен қарау адамгершіліктің белгісі. Сонымен бірге әр адам сапар үстінде келе жатқанда жол үстінде жатқан қорымдарға тоқтап, дұға оқып, бет сипап өтуі шарт. Егер адам асығыс болса ат үстінде бір үзенгісін босатып, машинада болса жүрісін баяулатып құран оқуы керек. Бұл адамгершілік, тірі адамның әруақтарға құрметі.

ӘРУАҚТЫ ЕСКЕ АЛУ

Үші, жетісі, қырқы және жылын беру (дәстүр). Ересек адамдар қайтыс болған соң үшінші, жетінші, қырқыншы күні әруақ еске алынып, аталып өтеді. Арнаулы мал сойылып, алыс-жақыннан ағайын, жақындары келіп дұға оқиды. Мал әкеліп, бата қылады. Жоқтау айтылады, әруақтың жақсы істері, қасиеттері әңгіме болады. Кейінгі ұрпақтарына, жақындарына тілектестік білдіреді. Марқұмның басына ескерткіш белгі орнатылады.

Адам қайтыс болған соң бір жыл толғанда оның жылы беріледі, дұға оқылады. Бұл марқұмға көпшілік болып жасалатын соңғы құрмет. (Бұдан кейін еске алу-ды отбасы өздері жасай береді). Жылынан соң қаралы үй қалыпты жайға көшіп, қызықты өмір тіршілігіне араласады.

Мұндай рәсімдер сәбиге жасалмайды. Жасалған күнде де отбасы болып атап өтеді.

ҚАЗАҚТЫҢ ОҚШАУ СӨЗДЕРІ (немесе көңіл-күй лебіздері)

Жіні айтылса да зерттелмей, қағаз бетіне жүйемен түсірілмей жүрген сирек сөздердің бірі — көңіл-күйіне байланысты айтылатын сөздер тобы. Мұны «оқшау сөздер» немесе «көңіл-күй лебіздері» — деп әдейі алып отырмыз. Өйткені бұл жайшылықта айтыла бермей, тек ерекше тосын жағдайда айтылатын, көбі одағай сөздерден тұратын, орны, қызметі жағынан шын мәнінде ерекше сөздер болғандықтан осылай шартты ат қойдық. Негізінен оларды тарата, саралай келсек-алғыс, қошемет, таңдану, сыйыну, шошыну, өтіну, ұялу, кекету, мұқату тағы басқа түрлерге бөлініп кете береді. Төмендегі сөздер де осындай әдістермен беріліп отыр.

АЛҒЫС, РИЗАЛЫҚ СӨЗДЕРІ

Алла разы болсын!	Рахмет!
Айың оңынан тусын!	Қатарыңның алды бол!
Айналайын!	Құдай қолдасын!
Ақ батамды бердім!	Тәңірі жарылқасын!
Бар бол, қалқам!	Тілеуінді берсін!
Бағың жансын!	Тілегің қабыл болсын!
Бақытты бол!	Көсегең көгерсін!
Жұлдызың жансын!	Көп жаса!
Жұлдызың жоғары	Нұр жаусын!
болсын!	Мерейің үстем болсын!
Екі дүниенің қызығын	Мұратқа жет!
көр!	Өркенің өссін!

Алғыс, ризалық жақсылығы, мейірімділігі, игі, ізгі қызметі үшін айтылады. Ол көбіне ақ батамен ұштасады. «Алғыспенен ер көгерер», — дейді халық.

ҚОШЕМЕТ, ҚОШТАУ, ТАҢДАНУ СӨЗДЕРІ

Айт де! (палуанға)	Тамаша!
Айтқаның келсін!	Ғажап!
Азамат екен!	Керемет!
Аузыңа май!	Ой, арыстаным-ай!
Анаңнан айналайын!	Ой, жолбарысым-ай!

Әмин!
Әп, бәрекедi!
Бәсе, Бәсе!
Жаса, жаса!
Жарайсың ерiм!
Жiгiт деп осыны айт!
Е, уай пәлi? (ақынға)
Ерiм, жарадың!
Е, солай десейшi!
Тусаң осылай ту!
Тiл-аузым тасқа!

Өркенiң өссiн!
Қасқыр екен!
Уай, сабаз!
Уай, дегенi (әншiге)
Уа, батырым!
Шiркiн!
Сок! Сок! (палуанға)
Паһ, Шiркiн!
Перiштенiң құлағына
шалынсын!
Пай-пай! т. б.

Бұл қошемет қана емес, жiгер, күш-қайрат беретiн сөздер болғандықтан көтерiңкi дауыспен, лепiрген сөзiммен айтылады. Мұны айтушылар көтерiлiп, алақан соғып, көңiлдi, қуанышты жайда отырады.

САҒЫНЫШ, АЙНАЛУ-ТОЛҒАНУ СӨЗДЕРI

Айым!
Айналайын!
Ақ тайлағым!
Ақ ботам!
Ботақаным!
Ботам-ай!
Базарым-ай!
Бауырым-ай!
Жалғызым-ай!

Көз сүйгенiм-ай!
Көз көргенiм-ай!
Күнiм-ай!
Жалғызым-ай!
Жарығым-ай!
Қалқам-ай!
Қарағым-ай!
Қоңыр қозым-ай!
Қуатым-ай! т. б.

Жаксы көрудiң, сүйiспеншiлiктiң, туыстық, мейiрiм-дiлiктiң куәсi ретiнде айтылатын сөздер осындай. Мұндай жағдайда үлкендер, аналар көзiне жас алып, толқу үстiнде айтады. «Қуанған мен қорыққан бiрдей»— деген сөз осындайдан шыққан болса керек.

СЫЙЫНУ, ТАБЫНУ СӨЗДЕРI

Алла, жар бол!
Әруақ! Әруақ!
Жар бол, жасаған нем!
Жаббар нем, жар бол!
Демей гөр, әулнем!
Иә, алла!
Иә, әруақ қолда!
Қыдыр ата, жебей көр!

Қасиетiңнен айналайын!
Қолда пiрiм!
Қолда, бабам!
Өзiң сакта, әруақ!
Сакта, құдай!
Тiл, көзден аулақ!
Медет бер, баба! т. б.

Құдайға сыйыну, әулне-әмбиеге табыну ежелгі әдет. Бұл сөздерді кол жайып, дастархан үстінде, сапарға шығарда, бейіт басында тағы баска жерлерде тілек үстінде айтады.

ТӘУБЕШІЛІК СӨЗДЕРІ

Аллаға шүкір!
Бергеніңе шүкір!
Тоба! Тоба!
Тәубе! Тәубе!
Тіл, көзден сақта!

Тіпә-тіпә!
Пәле, жалаңнан сақта!
Шүкір-шүкір!
Мың шүкір! т. б.

Өзінің тағдырына қазақша айтқанда құдайдың бергеніне риза болған, бала-шағасы, өзіне жететін дәулеті бар адамдар соған тәубе қылып, тәубеге келіп, қанағаттанғандық сезімін білдіргенде осы сөздерді айтады. Бұл да адамгершіліктің, парасаттылықтың белгісі.

ШОШЫНҒАНДА АЙТЫЛАТЫН СӨЗДЕР

Астапыралла!
Алла-ай!
Алла-сақтасын!
Айтпа! Айтпа!
Жасаған-ай!
Көтек!
Тек!

Құдай-ай!
Сақтай гөр!
Сұмдық-ай!
Не дейді?!
Ойбай-ай!
О, тоба!
т. б.

Мұндай сөздерді тосын жағдайда, шошынғанда қазақтар жағасын ұстап тұрып айтады. «Жағасын ұстады» деген осындай шошынудан шыққан әдет.

ӨТІНІШ, ЖАЛЫНУ-ЖАЛБАРЫНУ СӨЗДЕРІ

Айтқаныңды орындайын...
Айтқаныңнан шықпайын...
Айтқаныңды екі етпейін...
Аяғыңды сүйейін...
Аяғыңа жығылайын...
Бір ашуыңды берші...

Тілеуіңді тілейін...
Тәңірі жарылқағыр...
Құлдыңың болайын...
Құлың болайын...
Күнің болайын...
Отыңмен кіріп, күліңнен шығайын.
Көлеңкең болайын... т. б.

Біреуге ісі, күні түскенде жалынышты адамдар ама-лының жоктығынан осы сөздерді айтады. Бұл негізінен адамның абыройын, құнын төмендететін сөздер болғандықтан сирек қолданылуы мүмкін. Бірақ әлі де қолданыста бар, көпшілігі архаизмге жатады.

ҰЯЛУ, ҚЫМСЫНУ СӨЗДЕРІ

Бетім-ай (әйел)	Құрсын... әрі...
Бетім құрсын (әйел)	Ұят-ай!
Енді не бетімді айтайын...	Тек, ойбай...
Көтек (әйел)	Масқара-ай... т. б.
Қойшы әрі...	

Бұл сөздерді көбінесе әйелдер ерсі сөз, іс-әрекет кезінде бетін сызып айтады. Ұялу әдептіліктің бір саласы.

АЯУ, МҮСІРКЕУ СӨЗДЕРІ

Алда, байғұс-ай!	Сормандай-ай!
Бейбақ-ай!	Соры арылмаған-ай!
Бишара-ай!	Соры қайнаған-ай!
Жетімегім-ай!	Обал-ай!
Сорлы-ай!	Қайтейін-ай т. б.

Бақытсыздыққа тап болған, таяқ жеген, жәбірленген адамдарды аяу, мүсіркеу сөздері осындай.

КЕШІРІМ СӨЗДЕРІ

Болары болды...	Ештеңе етпес...
Окасы жоқ...	Өтті-кетті...
Қайтер дейсің.	Құдай үшін кештім. т. б.

Кешірім сөздері көбінесе кешірушінің аузынан шығады. Жай, баяу айтылады, қатты сөз де, күлкі де болмайды.

ӨКІНУ, ЖАБЫҒУ, ҚАМЫҒУ СӨЗДЕРІ

Ah!	Тфу, (жерге түкіру)
Апырым-ай!	Не жазып едім?
	ойбу-у-у!
Бәрәкәлді-ай!	Сорладым-ау...
Енді қайтейін!	Өзімнен де болды...

Қап!
Қапы кеттім...
Қате болды-ау!

Уһ!
Не істейін...
Япырай-ә? т. б.

Өмірде қателік, өкініш болмай тұрмайды. Мұның да өзіндік қалыптасқан осындай жайы бар. Бұл сөздерді айтқанда адамдардың сан соғып қалып, нығын көтеріп, ернін тістеп немесе жерге түкіріп айтатын әдеттері болады.

Халық ішінде өшті-қастылар немесе біреуден зәбір көріп өш ала алмағандар өз дұшпандары бақытсыздыққа ұшырағанда әдет бойынша айызы қанып, отырған орнында құйрығын жерге түйіп табалайды. Сондағы табалау сөздері жоғарыдағыдай.

КЕҚЕТУ, МҰҚАТУ СӨЗДЕРІ

Адамсуын қарашы!
Албасты құсап!
Әлдеқандай болып!
Әдірем қал!

Жаман неме!
Өл де маған!
Піштіу!
Шірікті қара! т. б.

Бұл сөздерді айтқанда әдет бойынша адамдар ернін шығарып, артын, мұрнын көрсетіп, тағы басқа ерсі қимылдар жасап, күліп мазақтап айтады.

ДӨҢ АЙБАТ, ЖЕҚУ, ТИЫМ СӨЗДЕРІ

Аузыңа ие бол!
Аузыңды бак!
Аспанды тастап жібер!
Бергенінді қайтып ал!
Жап аузыңды!
Жаман болады!
Тек отыр!
Тісіңнен шығарма!
Қолыңнан бір келсе
екі қыл!

Қыларсың маған!
Не істейсің маған?!
Т-с-с!
Таста!
Тәйт!
Тек!
Өшір үніңді! т. б.

Бұлар қатаң қабақпен, лепті сөздермен жеки айтылады.

ТУЫСТЫҚ АТАУЛАРЫ

Қазақ халқының салт-дәстүрі бойынша азаматтың үш жұрты болады. Олар ағайын, яғни, өз жұрты, нағашы жұрты және қайын жұрты. Бұл үшеуі де жанашыр, сүйеніш, қорғаны болып саналады. Халықта «ағайын жұртың — күншіл, нағашы жұртың — сыншыл, қайын жұртың — міншіл» деген сындарлы сөз бар. Тегін айтылмаған бұл қағиданың шындығы да бар. Осы үш жұртқа қатысты айтылатын туыстық, жақындық қатынас «ағайын», «туыс», «ілік», «жамағайын», «жеқжат», «жұрағат», «құдандалы» деп аталады. Қазақтар үш жүзге, тайпаларға, руларға бөлінгенімен бірін-бірі бөтен санамайды. «Қарға тамырлы қазақпыз»,— деп жақын тартып жүрген. «Сұраса келе қарын бөле шығамыз» деп аты-жөнін, іліктік қатынасын да сұрастырып, біліп отыру дәстүрге айналған.

Қазақта осындай туыстық, іліктік қатынастардың көптеген атаулары және оның соған лайық жол-жоралары да бар. Өкінішке орай кейінгі ұрпақтар ол дәстүрді біле бермейді. Бұл еңбекте халықтың сол әдет-ғұрыптық, дәстүрлік атауларын көпшілікке таныстыруды жөн көрдік.

Ата — әкенің әкесі, ел-жұрт «ақсақал» деп құрмет тұтады. Мұндай кісілер төрден орын алады, әрқашан құрмет көрсетіледі. Оның жолын кесіп өтуге болмайды. «Ауылында қартың болса жазып қойған хатпен тең»— дегендей ата ел ұйтқысы, батагөйі, ақылшысы, қамқоры болып есептеледі. Жастар атадан бата алуға тиіс. «Аталы ел баталы»— деген мақал бар. Атаның айтқаны кейінгіге заң. «Ата — балаға сыншы» — дейді халық.

Дәстүр бойынша сол елге, ауылға келген адамдар атаға сәлем беруге тиіс.

Әже — әкенің шешесі. Ел іші, от басының бүтіндігін ойлайтын — ел анасы. Ол салт-дәстүрді сақтап, кейінгі жастарға от басының, дастархан берекесінің, абысын-дардың бірлігін сақтайтын тәрбиеші әрі ақылгөйі, тілдеуқоры деп есептеледі. Ұлы мен келіні әжесінің тап-

сырмасы мен өтінішін сөзсіз орындауы керек. Қазақ халқының заңы бойынша әжені де, атаны да әрбір адам танысын, танымасын оған сәлем беріп, құрмет көрсетуге тиіс. Бұл кісілер тек өз ұрпақтары ғана емес, жалпы елге ата, әже болып есептеледі.

Әке-шеше, ата-ана — өзінді өмірге әкелген ерлі-зайыпты адамдар. Әр ұл мен қыз ата-анаға мәңгі қарыздар. Ұрпақтары бұл адамдарды айрықша сыйлауға, құрметтеуге тиіс. Оларға қарсы келуге, ренжітуге, айтқанын орындамауға болмайды. Мұхамбет пайғамбардың 368-хадисінде «ата-анасын ренжіткендерді Алла тағала жақсы көрмейді» деген. (*«Парасат»* № 11. 1992 ж). Әсіресе, ананың жолы мүлде бөлек. Ананың ақ сүті адам баласы үшін аса қасиетті. Ананың өз балаларына «ақ сүтімді ақтады» деуі үлкен баға.

Жақсы ата-ана — ер мен әйел ұрпақтың, елдің мақтанышы.

*Ақылды ердің ішінде
Алтын ерлі ат жатар.
Ақылды әйел ішінде
Алтын бесікті ұл жатар —*

деген мақалда тәрбиелік мағынасы зор көрегендік жатыр.

Халық тілінде жанұя басы — ер адамды «отағасы», әйел — ананы «жұбайы», «зайыбы», «әйелі» деп сыпайылап атайды. Әйелдер өзі түскен жердің адамдарының аттарын атамайды. Бұл тәрбиелік пен сыпайылықтың белгісі, әрі халық дәстүрі де солай үйретеді.

Бала — ата-анадан тараған ұрпақтар бала яғни «ұл», «қыз» деп аталады. Балалы үй, бақытты үй деп бағаланады. «Балалы үй базар, баласыз үй — қу мазар» — деген дана халқымыз. Ұрпақтарын ата-бабаларымыз «ізбасарым», «мұрагерім», «қолғанатым», «азаматым», «көз қуанышым», «бақытым», «қызығым» деп еркелеткен және оларды көпсінбеген. Ата-ана өз балаларын тәрбиелі, өнегелі, өнерлі, саналы, білімді етіп өсіруге міндетті. Қазақта «балаңды бес жасқа дейін хандай көтер, он бес жасқа дейін құлдай жұмса, он бестен әрі онымен досындай ақылдас» — деген ғибратты қағида бар. Балалар да оларды сыйлауға, құрметтеуге тиіс. «Адамдарға біз ата-аналарына жақсылық жасауды бұйырдық» — деп жазылған Құран Кәрімде (344 бет, 1991 жыл).

Ұл — шаңырақ иесі, ұрпақ жалғасы деп есептеледі. Қыз басқа елдің болашақ келіні, анасы. «Қыз — өріс», «қыз — қонақ» деп туған-туыстары оларды аялап, мәпелеп өсірген. Қызға қатты сөз айтылмауға тиіс. «Кім де кім үш қыз өсіріп, тәриелеп, бой жеткізіп, құтты орнына қондырса, оның сыйлығы жаннат» — деген (*Мұхамбет пайғамбар* 602 хадис). «Ұл — орындағы ту, қыз — ұшатын қу» (аққу) деген сөз бар. Ырым бойынша бала туғанда ұлды «атұстар» қызды «көйлек тігер», «қырық жеті» деп тұспалдап атаған.

Қыз — бір рудың ұзатылған қызы жас, кәрілігіне карамастан сол елдің адамдары, туыс-туғандары оны «қыз» деп атап дәріптейді. Үлкендер оны «қызымыз» деп, кішілер «апай» деп ерекше сыйлауға, сәлем беруге тиіс. «Қыз» еліне еркелеп келіп, еркіндеп сөйлейді, туған-туыстарына базынасын айтады, назданады. Үлкен-кішілер оның сөзін тындап, құрмет көрсетеді. Қыз кейде еліне «төркіндеп» келеді. Бұл оның ерекше келуі болып саналады. Мұндайда төркіндері жолынан жығылмайды, сый-сияпат жасап, мал, қымбат заттар беріп риза етіп аттандыруы шарт. Қыз еліне бір-ақ рет төркіндеп барады және бұл оның парызы болып саналады.

Арғын руының Жылқыайдар тайпасында Солтан деген кісінің әйелі, Найман қызы Ақбикеш атты анамыз 3—4 жыл бойы бала көтермепті. Сол кісі еліне төркіндеп барып, өзінің жақын сіңілісі Макпалды өз күйеуіне екінші әйелдікке сұрап қолқа салыпты. Кейін Ақбикеш те, Макпал да көп құрсақ көтеріпті, одан тараған ұрпақтар күні бүгінге дейін «Ақбикеш», «Макпал» балалары деп аталып келеді.

Қыз ауыл ақсақалдарымен, жас болса ағаларымен қатар, әйелдерден жоғары отырады. Жеңгелеріне әмір бере сөйлеп, айбат көрсетуге де хақы бар. Жеңгелері оны мойындап, айтқанын көтеруге тиісті. Қыздың сыбағасы — төс, орны — төр, жолы үлкен деп есептеледі. Қызға кәрі жілік, өкпе тартылмайды.

Тұңғыш, ортаншы, кенже бала. Қазақ халқы бірінші туған баланы «тұңғышым», одан кейінгілерін «ортаншы», ең соңғы туғанын «кенже» деп атайды. Олар ержетіп, өскен кезде ата-ана тұңғыштары мен ортаншыларын үйлендіріп жеке отау тігіп, енші беріп бөлек шығарады да, кенжесі өз қолында қалады. Ол әке-шешесін бағып-қағуға міндетті. Әке мұрасы сол кенже ұлға

қалады да, оның үйі «қарашанырақ» (яғни үлкен үй деген мағынада) деп аталады. Басқа балалар ол шаңырақты құрметтеп, қарайласып, әке-шешесінің сыбағасын беруді де ұмытпауы қажет.

Немере — ұлдың баласын «немере» дейді. Немере ата, әже үшін өте ыстық. Көбінесе, олар тұңғыш немересін баурына салып, «өз балам» — деп өсіреді. «Немере етін жеп, сүйегін береді» — деген де бар.

Шөбере — немеренің баласы. Қарт адамдар үшін бұл ұрпақтың орны мүлде бөлек. Олар қазақ дәстүрі бойынша кішкентай шөберенің алақанынан су құйып ішеді. Шарғат бойынша шөберенің қолынан су ішкен адамға о дүниеде жеңілдік жасалады. Шөберенің баласы «шөпшек», шөпшектің баласы «немене» деп аталады. Жеті атаның соңы неменемен аяқталса керек.

Аға, Апа — бір әке-шешеден туған (немесе туыстың) жасы үлкен жігіт аға, қыз апа деп аталады. Екеуінің де жолы үлкен деп есептеледі.

Жеңге — ағаның әйелі. Жасы үлкендер үшін «келін», кішілер үшін «жеңге» деп аталатын бұл адамның тәлім-тәрбие үшін орны бөлек. Ол әсіресе, өзінен кіші қайнылары мен қайынсіңлілері үшін, әзіл қалжың араласа жүретін сүйкімді де сыйлы. Жеңге қайнылары мен қайынсіңлілерін өз атымен атамай оларға өзінше «сырғалым», «шашбаулым», «ерке бала», «мырза жігіт», «бойжеткенім», «күлім-көзім» деп ат қояды. Кейде ерсі мінездеріне қарай күлкілі ат қою да мүмкін. Мұның бәрі сыйластықтың белгісі ретінде қаралады. Қайны мен сіңлі жеңгелерінен сыр жасырмай, онымен ақылдасып отырған. Жеңге бұлардан төмен отырады.

Жеңге бұрын қыз мен жігітті таныстыру мен табыстыруға үлкен тәрбиелік қызмет атқарған. Оларға махаббат құпияларын үйреткен. Сол қызметі үшін олар қыз, жігіттен сыйлық та алатын болған. «Қалмады қолда жүзік, белде белбеу, жеңгесін қызды ауылдың сыйлай-сыйлай» деген өлең осындай туған.

(Қазақта «жеңгетай» деген де бар, бірақ оны жеңгемен айырбастауға болмайды. «Жеңгетай» Арқа даласында кәде түрі, кейде жағымсыз бейнеде айтылады).

Қайын іні, қайын сіңлі — жеңгелері үшін күйеуінің кіші ұл «қайын іні», қыз «қайын сіңлі» болады. Бұлар-

ды жеңістері әрқашан еркелетіп ұстайды. Олар да жеңістерін ерекше сыйлап, қадірлеуі керек. Оның жақсы ісін күйеуі, ата-енелері алдында мақтап қойғаны жөн. Бұлар әзіл, қалжыңы жарасқан сыйлас, сырлас болуы керек.

Іні, қарындас, сіңлі — өзімен бірге туған жасы кіші ұл-ағасы мен апасы үшін «іні», қыз бала «қарындас» йе «сіңлі» деп аталады. Олар аға, апаларын сыйлап, айтқанын орындап, ақылын тындап жүруге тиіс, отырғанда аға, ападан төмен отырады. Олардан бұрын асқа қолын салмайды. Жеңіл-желпі шаруаны да солар атқаруы керек.

Ағайындылар — бірге туған ағалы-інілі, апалы-сіңлілерді бір сөзбен «ағайындылар» деп атайды. Ағаның балалары оның інісіне іні, қарындас болып есептеледі, ал інінің балалары ағасына бала деп есептеліп, олар оны «әке» деп атайды.

Ағайын, туыс — бір рудың адамдары бір-біріне ағайын, туыс деп саналады. Бұлар бір-бірімен жеті атаға дейін қыз алыспайды. «Туысы бірдің — уысы бір» деген сөз бар.

Келін — інінің, баланың әйелі «келін» деп аталады. Бүкіл ауылдағы жолы кіші адам да осы келін. Дәстүр бойынша ол өзінің күйеуінен үлкендердің бәріне де орнынан тұрып, иіліп сәлем жасауға тиіс. Мұндай жасты ел «ибалы», «әдепті» келін деп жақсы көрген. Жаңа түскен келінді бөтенсітпей құрметтеп, сыйлап, жаңа ортаға тарта білуі, тәрбиелеуі керек. Қателігіне кешіріммен қараған жөн. Қатты сөз айтып, жекуге мүлде болмайды. Ата-ене оған жылы сөйлегені жөн. Қазақ халқы «жақсы үйге түскен келін — келін, жаман үйге түскен келін — келісап» деп мақалдаған. Бұрын жаңа түскен келін бір жылға дейін өз үйіне баруға рұхсат етілмеген. Мұның тәрбиелік, халықтық мәні бар. «Келіннің — аяғынан, қойшының — таяғынан» деген ырым да келін үшін үлкен сын.

Қалыңдық — күйеуге атастырылған, бірақ өз үйінде отырған бойжеткенді осылай атайды. Қазақ оны «оң жақта отырған қыз» дейді.

Ағке, ағаке — өзін әкелуге құда болып барған адамды келін «ағакем» деп атайды. Оны басқа қайнағала-

рынан гөрі жақын тартып, өкпе-назы, өтініші, шаруасы болса соған айтады. Ағаскесі оны жерге калдырмай қабылдауға тиіс.

Абысын — ағайынды жігіттердің әйелдерін «абысын» деп атайды. Олар өзара сырлас, мұңдас болады, бірігіп, ынтымақты жұмыс істейді. Бір-бірінің өкпе, назын, әзіл-қалжыңын кектемеуі керек. Қазақта «Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп» деген сөздің философиялық мағынасы осындайдан шыққан.

Бөле — апалы, сіңлілі қыздардың баласы бір-біріне «бөле» болады. Бұл жақын туыс, ілік деп есептеледі. Олар да нағашы-жиенді адамдар сияқты бір-бірімен әзілдесіп ойнайды. Нағашыларына барғанда екеуі бірігіп кетеді. Олар тату жүреді. «Екі аяқтыда бөле тату, төрт аяқтыда бота тату» — деген осыдан шыққан. Ең жақын бөлелер бір жанұядан өрбіген қыздардың балаларын «қарын бөле» дейді.

Бажа — апалы, сіңлілі қыздардың күйеулері бір-біріне «бажа» болады. «Бажа бажаны көрсе басы қышиды» — дегендей олар да бірін-бірі көргенде әзілдесіп қалады. Олар өздерін бөтенбіз деп есептемейді, қолдан келгенше көмек жасап, бірін-бірі қатты сыйлайды. Алайда қазақтың «құс жаманы — шажа, ілік жаманы — бажа» деп мақалдайтыны тағы бар. Бұл сөздің де жаны бар.

Қайын ата — әйелге күйеудің әкесі, күйеуге әйелдің әкесі «қайын ата» деп аталады. Бұл кісілерге өз әкесіндей құрмет кәрсеткені жөн.

Қайын ене — әйелге күйеуінің шешесі, күйеуге әйелінің шешесі «қайын ене».

Жас келіннің бұдан былайғы анасы да, тәрбиешісі де осы ене. Ол елдің үлкен-кішісі мен жақын-жуығын, туыс-туғанын келінмен таныстыруға тиіс. Үй тәрбиесі, қазан жабдығы, бала тәрбиелеу, халықтың салт-дәстүрін түсіндіру де ененің міндеті. Ененің айтқаны келін үшін бұлжымас жарғы. Ене мен келін тату-тәтті, сыйласып өмір сүруі керек.

Өкіл әке, өкіл шеше — жас келін басқа жерге түскеннен кейін өз әке-шешесін сағынады, мұңаяды. Жанында бұрынғыдай жақын-жуық, достары да жоқ. Сон-

лықтан барған (түскен) жерінде жас келінге өз әкешесі орнына жүретін «өкіл әке» мен «өкіл шешесі» белгіленеді. Оған сый-сияпат ұсынылады. Ол жас келінге өз қызындай қарап, қамқоршы болып, ақыл береді. Бұл дәстүр Қазақстанның оңтүстігінде кездеседі.

Нағашы — ананың төркін жұрты нағашы деп аталады. «Нағашы жұртың сыншыл» дейтін үш жұрттың ішіндегі ең сыйлысы осылар. Олар жиенін әрқашан еркелетіп, сұрағанын беріп отырады. Тек туған нағашысы ғана емес, сол рудың барлығы да нағашы деп аталады. Нағашының жолы үлкен деп есептеледі. «Нағашымен күрескен жиен жығылады» деген сөз жиеннің қанша ерке, батыл болғанымен нағашысы алдында ізетті, әдепті болуын ескертеді.

Нағашы жұрттың еркек-әйелдері «нағашы апа», «нағашы жеңге», «нағашы қарындас», «нағашы іні», «нағашы аға» деп аталады.

Құда — қыз алып, қыз беріскен ер адамды «құда» деп атайды. Құдалық жолымен келген адамдардың үлкенін немесе жолы үлкенін «бас құда» деп атайды. Қыз бен жігіттің әкелері бір-біріне «бауыздау құда» деп аталады. Бұл ертеде құда болғандар құдалыққа сойған қойдың бауыздау қанына құдалардың қол батырып бірін-бірі тануынан (серттесуінен) шыққан екен. (ҚСЭ, 7-том, 18-бет. 1975 ж). Аталған құдалардың рулас туған-туыстары да бір-біріне «құда, құдағи» болып саналады.

Құдалар қазақ арасында өте сыйлы, құрметті адам, төрде отырады. Оған арнаулы мал сойылып, бас, жамбас тартылады. Халық «құданы құдай, досты періште қосады», «құда мың жылдық» дейді. Мұның себебі құдалардың өздері өмірден кетсе де, оның құдалық аты руластар арасында көп жылдар ұмытылмайды. Кейде ежелгі құдалар бұрынғы құдалық сыйластықты жалғастыру үшін тағы да құда түсіп, қыз алып, қыз беріседі. Мұны «сүйек жаңғырту» дейді.

Құдалықтың басқа да түрлері бар. Құдалар әлі тумаған іштегі балаларына да құда түседі. Мұны «бел құда» деп, немесе кей жерлерде «қарын құда», «күрсақ құда» деп те айтады. Кейбіреулер бесікте жатқан ұл, қыздарын бір-біріне атастырады. Мұны «бесік құда» дейді. Кейде қыз берген құда, сол құдасының қызын өз ұлына келін етіп алып береді. Мұндай құдалық «қарсы құда» деп аталады.

Құдағи — құдалардың бәйбішелері (әйелдері) яғни қыз бен жігіттің әже-шешелері «құдағи» деп аталады. Құдасына келгенде бұларға сыйлы кісілер ретінде құрмет көрсетілуге тиіс. «Шешесін көріп қызын ал, аяғын көріп асын іш» — дегендей қалыңдық немесе келін анасына қарап бағаланады. Бас қосуда немесе жол-жора кезінде жол құдағиға тиеді. Құдағи басқа қонақтардан жоғары отырады.

Жиен — қыздан туған бала. Оның нағашы ауылы үшін ерке, әрі кең құқы бар. Ол нағашыларынан нені қаласа да үш рет алуға хақылы, ал нағашылары қымбат зат болса да оны сөзсіз беруге тиіс. Оны «жиенқұрық» деп атайды. Жиен сол елдің кемшілігін, қатесін ойынды-шынды батыл айтып отырады. Оның сөзін кектеуге, ұрсуға болмайды. Осындай батыл сөздері үшін нағашылар «жиен ел болмас» деп мақалдайды. Сонымен бірге «жиен мыңнан үлкен» деп тағы да қатты сыйлайды. Нағашылы-жиенділер кездескен жерде бір-бірімен әзілдесіп, ойнап-күліп жатады. Жиен мұндайда өзін еркін сезінеді. «Балалығың ұстаса нағашыңа бар» деген осыдан шыққан. Нағашы мен жиен бірін-бірі ешқашан күндемейді, керісінше олар бірін-бірі жақсы болса мақтаныш тұтады. Нағашылар «бізге тартып жақсы болдың» десе, кейде «өзі жаман туған нағашысынан көреді» деп мақалдап та қояды. Халық «адамның жақсы қасиеттері нағашыдан жұғады» дейді. Мұнда да тарихи, әлеуметтік шындықтың көзі бар. Халық дәстүр-салты бойынша жиенді ренжітуге, қол жұмсауға болмайды. «Жиен назары жаман», «жиенді ұрғанның қолы қалтырайды» деген мақал содан шыққан.

Жиеншар — жиеннен туған бала. Ол да әкесі сияқты жиендік ғұрыпты жалғастырады. Оның баласы «дегеншар», оның баласы «көгеншар» оның баласы «жүрежат», оның баласы «туажат» деп аталады. (Бұл сөздерді ақын Әбіқай бидің баласы Ахметқан шешеннен жазып алдым).

Кейбіреулер «жүрежат» пен «туажат», «шөпшектен» кейін тіркейді. Бұл дұрыс емес.

Құдаша — келіннен немесе жігіттен жасы кіші қыздар сіңлісі яки қарындасы мен жас келіншектер «құдаша» деп аталады. Дәстүр бойынша құда аулының жастары құдашалармен ойнап-күліп, әзілдесіп отыруға тиіс. Сонымен бірге олар сыйлы, құрметті жастар деп саналады.

Құдабала — жігіттің немесе келіннің інілері «құда-бала» деп аталады. Құдалар жағы онымен де әзілдесіп, «құда бала, құйрығы шұбар ала» деп ойнап отырады. Құла балалар ойынға ашуланбай, оларға ұтымды сөзбен жауап қайтарып отыруға тиіс.

Күйеу — бір рудың қызын алған жігіт сол елге «күйеу» болып есептеледі де, сол ел оның қайын жұрты деп аталады. Қайынылары алдында күйеудің жолы кіші болғанмен сыйлы адамдардың бірі. Оны көпшілік «күйеу-жүзден үлкен» деп сыйлайды, сонымен бірге елдің үлкен-кішісі, әйел-еркегі бәрі де қажап, ойнап отырады. «Әзілің жарасса — атаңмен ойна» деп, күйеу де беріспейді. Бірақ бұлар сыпайы әзілдеседі. Күйеу еркелей де алады, ойын арасында «осы елден тағы бір қыз аламын» деп айтуға толық хақы бар.

Күйеу әйелінің апалары «қайынбикем» деп, сіңділері мен інілерін «балдызым» деп, онымен әзілдесіп ойнай береді. Қазақта «балдыз — бүтін қатын, қайын-бике — жарты қатын» деген мәтел де бар.

Кейде әлгі күйеудің әйелі қайтыс болса, онда оның қайын жұртынан тағы бір қыз (әрине жас болса) алуға, сұрауға хақы бар. Егер басқа бір елдің қызына үйленсе, әлгі күйеудің бұрынғы қайын жұрты оның жаңа әйелін «біздің қыздың орнына келген» деп, оны да өздеріне жақын тартып, бұрынғы қатынасты үзбейді. «Күйеу — жүз жылдық» деген сөз осындайдан қалса керек.

Қонақасы бергенде күйеуге төс тартылады. Күйеу бас ұстамайды.

Күшік күйеу — күйеу қайынатасының қолында тұрса оны ел кекетіп «күшік күйеу» деп атайды. Бұл күйеудің жамандығының белгісі. Мұндайда қазақ «қайындағы күйеуден — қарғылаған тазы артық», «жаман күйеу қайынсақ» деп келемеждеген.

Жезде — әйелдің інілері мен сіңділері оның күйеуін «жезде» деп еркелетеді, әзілдеседі. Олар тату болады. Дәстүр бойынша балдыздары жезденің құлағынан тартып ойнайды. Балдыздың әйелі жездеге келін болады, бірақ ол да «жезде» деп әзілдесуге хақы бар.

Балдыз — әйелінің інілері мен сіңділер «балдыз» деп аталады. Жезде мен балдыз бір-бірімен өте тату болады, бірін-бірі ренжітпеуге тырысады. Олардың жара-

сымды әзіл, қалжындары өле-өлгенше таусылмауға тиіс. Мұндай әзілде апалары да туыс жағына бұрылып кетеді. Балдыз жезде үшін ең жақын және жанашыр адамдар деп есептеледі.

Құрдас — туысқандығы жөнінен алыс — жақынына қарамастан бір жылғы туған адамдар «құрдас» деп аталады. Құрдастар «жаны — дос, сөзі-ақ» дегендей бір-бірімен қатты қалжындасады. Тіпті құрдасы сол жерде жоқ болса да сырттай отырып, қалжындай береді. Олар ол сөзді кектемейді. «Әкесі құрдастың, баласы құрдас» деп бұлардың әйелдері де құрдас деп есептеп, олардың атын айтпай «құрдас» деп құрметтеп отырады, әзілін де айта отырады. Құрдастардың балалары оларды «әке» деп сыйлауы керек. Тағы бір айта кететін қызық жайт осындай құрдастық қалжың түркі халықтарының ішінде қазақ халқында ғана бар екен.

Жанқұрдас — жасы үлкенді-кішілі болса да, бірін-бірі құрдастай қажап, қалжындасып отыратын адамдар да болады. Қазақтар мұндайды «жанқұрдас» деп атайды.

Тамыр — екі ұлттың өкілі немесе ер адамдар бір-бірімен дос, сыйлас болып, алыс-беріс жасаса, құрмет тұтса мұны «тамыр» деп атайды. Олардың бір-біріне сенімі мен достығы өте берік болады.

Дос — екі адамның бір-бірімен сыр жасырмай, сыйласып, қиын сәтте қол ұшын беріп пікірі мен мақсаты, арман-мүддесі бір жерден шыкса оларды «дос» дейді. Достықтың белгісі екі адамның уәделесіп, қол беріп, төс түйістіруі. Қазақта «төс түйістірген доспыз» — деген аталы сөз бар. Олар қайда жүрсе де бірін-бірі ұмытпай, демеп жүреді. Адамды кейде досына қарап та бағалауға болады. «Басыңа күн түссе қашып құтыла алмайтын, бұлт қонса іздеп таба алмайтын» достар да болады.

Жолдас — бұрын сапарлас, барар бағыты бір адамдарды жолы бір, яғни «жолдас» деп атаған. Қазір жолдас та «дос» мағынасында қолданылып жүр.

Ілік, жекжат — туыстығы жоқ, бірақ құданың құдасы, нағашының бөлесі, жиеннің балдызы тағы сол сияқты басқа жанама туыстық қатысы бар адамдар арқылы жақындасатын адамдарды «ілік» деп атайды. Олар құ-

да, нағашы, жиен сияқты туыстық, жақындық хұқықтарды талап ете алмайды.

Өгей әке, өгей шеше — тағдырдың жазуымен кейде ер адам екінші рет үйленіп, әйелге екінші біреуге тұрмысқа шыққанда оның балаларына екінші әкесі не шешесі «өгей әке», «өгей шеше» деп аталады. Балаларын да «өгей бала» дейді. Айтылуы «өгей» дегенмен бұл кісілердің немесе балалардың бірін-бірі жатырқамай, кейде туған әке-шешеден де артық жарасып кететіндері жиі кездеседі. Әдеп бойынша бұларға «өгей» деп айту, ескерту әбестік болып саналады.

Жоғарыда туыстық, жақын іліктік атаулары сөз болды. Қазақта жақындағы жоқ адамдарға қатысты атаулар да көп. Жалпы адам баласын халық жасына қарай: «бала», «сәби», «жеткіншек», «жасөспірім», кәмелетке толған қызды: «бойжеткен», жас жігітті: «бозбала», «ержеткен», «жігіт», орта жастағы кісілерді: «еркек», «әйел», үлкен адамдарды: «қарт», «қария», «кейуана» «шал», «кемпір» деп атайды. Бірақ қазақ халқы біреулерге жолыққанда «ей, еркек», «ей, әйел» немесе «ей, шал», «ей, кемпір» деп айтпайды. Ал, жас адамдарға «бойжеткен», «жас жігіт» деп жолығуға болады. Сол сияқты ғұрпымызда үлкен кісілерді «ақсақал» орта жастағы кісілерді «қарасақал», әйелдерді «ақжаулық» деп те сыпайылып айтады. Ал ешқандай іліктігі, туыстық қатысы жоқ бөгде адамдарды халқымыз «қаймана қазақ» дейді.

Кіндік шеше — нәресте туғанда оның кіндігін кескен әйел осылай деп аталады. Кіндікті ер адамдар да кеседі. Оны «кіндік аға» дейді. Бірақ көбіне әйелдер кеседі. Кіндік шеше баланың екінші анасы болып саналады. Кіндік шешеге кіндік кескені үшін жылқы, сиыр тағы басқа мал, қымбат бұйым беріледі. Бала үшін кіндік шеше өте қадірлі адам. Оны өз анасынан кем санауға болмайды. Академик Қ. Сәтбаев басқа жаққа уақыт таппаса да кіндік шешесіне жылына бір барып сәлем беріп, оның сыбағасы мен сый-сияпатын апарып беріп тұрған.

Тәлім-тәрбие, дәстүрде кіндік шешенің орны бөлек екенін ұмытпаған жөн және балаларға кіндік шешесін таныстырып қою керек.

ТУЫС-ТУҒАНҒА БАЙЛАНЫСТЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

*Ерлі-қатынның ортасына
Есі кеткен отырар.*

*Ерлі-қатын ұрысар да, керісер,
Керісер де келісер.*

*Ерлі-қатын тату болса
Шырағы жанар,
Ерлі-қатын араз болса
Өмірден көңілі қалар.*

*Ата-анадан жар жақын,
Туысқаннан мал жақын.*

*Өз жарыңды жаттай күт,
Жат көрсін де түңілсін.
Бір біріңді қадір тұт,
Жұрт үлгі алсын, үңілсін.*

Жақсы әйел жаман еркекті түзетеді.

*Жақсы қатын, жарының жақсысын асырар,
Жаманын жасырар.*

*Жолдас күту жарға сын,
Жалған сөздік арға сын.
Ақылды ердің ішінде
Алтын ерлі ат жатар.
Ақылды әйел ішінде
Алтын бесікті ұл жатар.*

*Төсекте жан қосылған
Төскейде мал қосылған.*

*Алғаны жақсы жігіттің
Әрқашан ісін оңдайды,
Алғаны жаман жігіттің
Ісінің сәті болмайды.*

*Жақсы әйел-жігітке біткен бақ,
Жақсы жер, жайлы қоныс-алтын тақ.*

*Еркек сергек ұйықтаса, ырыс бітеді,
Әйел сергек ұйықтаса, жұмыс бітеді.*

*Ерін баққан қатым,
Елім де бағады.*

*Әйел жерден шыққан жоқ,
О да еркектің баласы,
Ерлер көктен түскен жоқ,
Әйел оның анасы.*

*Атасы жаман алғанын жамандайды,
Туысы жаман туғанын жамандайды.
Әйел жомарттық қылғанда,
Еркек наmartтық қылғаны өлім.*

*Алқызыл гүл — жердің сәулеті
Асыл жар — ердің сәулеті.*

Жаман күдеу қайымсақ.

*Жақсы қатын зейнет,
Жаман қатын бейнет.*

*Атаның құны,
Ананың сүті.*

*Күтсең ана, атаңды,
Кешірет атаң қатаңды.
Алғыс алған адам деп,
Халық алар батаңды.*

Анаға баланың алалығы жоқ.

*Атаңа не қылсаң
Алдыңа сол келер.*

Ата балаға сыншы.

*Атадан ұл туса игі,
Ата жолын құса игі.
Балаңды жұрт мақтаса,
Бәрінен де сол сүйгі.*

Әкесі құрдастың, баласы құрдас.

Әкенің жақсылығы жездедей-ақ.

*Баланың ұяты әкеге,
Қыздың ұяты шешеге.*

*Ата даңқымен қыз өтер,
Мата даңқымен бөз өтер.*

*Атадан жақсы ұл туса,
Есіктегі басын төрге сүйрет,*

*Атадан жаман ұл туса,
Төрдегі басын жерге сүйрер.*

Апа-екеме жездекем сай.

*Ата — бәйтерек,
Бала — жапырақ.*

*Жалғыз баласы атқа шапса,
Анасы үйінде тұрып тақымын қысады.*

Анасын сүйгеннің баласын сүй.

*Ана жақсылығын
Ауырсаң білерсің.
Қайын жақсылығын
Қыдырсаң білерсің.*

*Баланың өзі туғандай,
Келіннің өзі келгендей.*

*Анасын көріп қызын ал,
Аяғын көріп асын іш.*

*Ананың көңілі балада,
Баланың көңілі далада.*

*Ата-ананың қадірін,
Балалы болғанда білерсің;
Анық достың қадірін,
Жалалы болғанда білерсің.*

*Ананың сүті — бал
Баланың тілі — бал.*

*Анаңды Мекеге үш арқалап барсаң да,
Қарызынан құтыла алмайсың.*

*Әдепті бала арлы бала,
Әдепсіз бала сорлы бала.*

*Балалы үй — базар,
Баласыз үй — мазар.*

Ұл туғанға — күн туар.

*Балалы үйрек көлден кетпес,
Баласы жас елден кетпес.*

*Балаға жанның ашуы бірдей,
Қай қолыңды кессең де
Жанға батуы бірдей.*

Атасыз ұлдың аузы үлкен.

Атадан жақсы ұл туса,
Елінің қамын жейді;
Атадан жаман ұл туса,
Елінің малын жейді.

Жетім бала кекшіл.

Бала адамның бауыр егі.

Болатын елдің баласы,
Бірін — бірі «батыр» — дейді,
Болмайтын елдің баласы
Бірін — бірі «қатын» — дейді.

Келіннің сөзі кетпендей,
Баланың сөзі батпандай.

Жауатын күн — ыстық болады,
Болатын бала — пысық болады.

Бала — көңілдің гүлі, көздің нұры,

Ата өліп бала қалса,
Мұратына жеткені.
Бала өліп ата қалса,
Арманы іште кеткені.

Өз ұлың, өзекке тепсең де кетпес,
Кісі баласы кісендесең де тұрмас.

Басқа келген бақты:
Қырсықты келін, кесірлі бала қашырады.

Баланың өскен бесігі —
Кең дүниенің есігі.
Ананың алақаны балаға айдынды қоныс.

Ағасы бардың жағасы бар,
Інісі бардың тынысы бар.

Ажалды ана жеңеді,

Қонағын сүймеген
Баласын ұрады
Не үйін сыпырады.

Жақсы бала — сүйік,
Жаман бала — күйік.

Қыз — қонақ.

Қыз — ауылдың көркі.
Жігіт — ауылдың еркі.

Учебное издание

Кенжеахметов Сейт
О ТРАДИЦИЯХ КАЗАХОВ

(на казахском языке)

Редакторы *К. Мұсахметов*
Суретшісі *И. Исабаев*
Көркемдеуші ред. *Ш. Байкенова*
Тех. редактор *Л. Баирова*

ИБ 343

Теруге 14.02.94 жіберілді. Басуға 18.07.94 қол қойылды. Пішімі 84×108¹/₂.
Баспаханалық қараз. Әріп түрі өдеби. Шырынқы басылым. Шартты баспа
табары 4.2. Шартты болуы беттаңбасы 4,52. Есептің баспа табары 4.3.
Таралымы 21500 дана. Тапсырыс № 412. Бағасы келісім бойынша.

Қазақстан Республикасы министрлер кабинеті жанындағы тіл комитеті-
нің «Ана тілі» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі-
нің Полиграфия комбинаты, 480002, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 41-
үй.